

«Орталық Азиядағы адам құқығы мен құқықтық білімді БАҚ арқылы қорғау» жобасы

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ АДАМ ҚҰҚЫҒЫ

№8

8 шығарылым –
қазан - желтоқсан
2010 жыл

Тоқсандық ақпараттық-сараптамалық бюллетень



Еуропалық комиссия

INSTITUTE FOR WAR & PEACE REPORTING



Соғыс және бейбітшілікті
жариялау жөніндегі Институт

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!

Сіздердің назарларыңызға Орталық Азия елдеріндегі адам құқығы саласындағы өзекті деген тақырыптарды көтеріп отырған ақпараттық-сараптамалық бюллетеніміздің кезекті сегізінші жарияланымын ұсынамыз.

Маусым айында Қырғызстанның оңтүстігінде болған қақтығыстар Орта Азия елдеріндегі босқындар мәселесін тудырды. Бұл оқиғалар сәуірде Бәкиевті орнынан кетіріп, билікке келген, әлі аяғынан тұра қоймаған уақытша үкіметі бар тек Қырғыз Республикасына ғана емес, бүкіл аймаққа әсер етті және әлі де болса мемлекетаралық қарым-қатынастарға ықпалын тигізетіні анық. Қазақстанда жағдайлары жақсы бола қоймаған өзбек босқындарын осы елден экстрадициялау жалғасуда. Өзбекстанның Өндіжан, Наманган және Ферғана облыстарында уақытша бас сауғалап жүрген жандарға да ешкім кепілдік бере алмайды. Олардың қазіргі жай-күйі туралы осы бюллетеннің материалдарынан біле аласыздар.

Аталған қайғылы жайттардан мемлекеттердің өзі де біраз сабақ алатыны сөзсіз. Біріншіден, саясаткерлердің ұлтаралық жағдайға қатысты түйткілді мәселелерді өздерінің жеке мақсаттарында пайдалануға құқығы жоқ. Әйтпеген жағдайда, қандай қанды нәтижелерге кез болуға болатынын Ош оқиғалары көрсетіп берді. Екінші сабақ – демократияның, ең бірінші кезекте, атқарылған істің жауапкершілігі мен заңға деген құрмет екендігі жайлы көпке белгілі жағдай.

ЕҚЫҰ-ға төраға-ел мәртебесін иемденген Қазақстан бұл жылы әскери-саяси және экономикалық мәселелерді, сонымен қатар қауіпсіздік проблемаларын шешуге баса назар аударды. Алайда, төрағалыққа дейін аталған елдің құқықтық заңнаманы жетілдіреміз деп берген уәдесі, төрағалықтан кейін де орындала беретін түрі бар. Өзбекстанда «демократияға қарсы атталған сақ қадам» дегенге саятын, президенттің ұзақмерзімді саяси позициясын нығайтатын конституциялық түзетулер енгізіліп жатыр. Түркімендік құқыққорғаушылар халықаралық конференцияларға қатысуда бірқатар кедергілерге тап болды. Жекелеп алғанда, 2010 жылы қазан айында Варшавада өткен, адам өлшемдеріне арналған 2010 жылға шолу Конференциясына түркімендік белсенділердің қатысуы қиынға соқты, себебі олар Түркіменстанның билігінің қатыстырмау ниетіндегі қудалауына ұшырады, ал ЕҚЫҰ болса, бұл қадамға келісті. Астанада өткен балама конференцияға Түркіменстанның бір ғана өкілі қатысты. Белсенділер ресми Ашхабат ел ішіндегі жағдай туралы ақпаратты сыртқа шығармауға тырысады дейді.

Тәжікстанның Раш жазығында болған қыркүйек оқиғасы аталған елдің жағдайы тұрақсыз Ауғанстанға жақындығына байланысты бүкіл Орталық Азияға тұрақсыздық әкеле алатын қауіп ретіндегі әлсіз аймақ болуы мүмкін екендігін көрсетті. Ал Орта Азия республикаларының арасынан, ең бірінші, болып парламентаризм жолына түскен Қырғызстан желтоқсанның аяғында екінші талпыныстан Жогорку Кенеште көпшілік одағын құра алды. Енді ел мүшелерін парламент бекіткен заңды үкіметке ие бола алды.

Алда атқарылар жұмыс көп. Саяси-экономикалық және әлеуметтік мәселелер кезеңінде Орталық Азия елдері әдетте назардан тыс қалып қоятын адам құқықтарына жеткілікті түрде көңіл бөле ала ма, жоқ па, оны уақыт көрсетер.

Ал біз бюллетеннің «Орта Азия мемлекеттеріндегі құқыққорғау білімі мен адам құқығын қорғау» жобасының аясында, Соғыс пен бейбітшілікті жариялау жөніндегі британдық институт (IWPR) арқылы жүзеге асырылып, Еуро Комиссияның қолдауымен басылғанын естеріңізге сала кетеміз. Орта Азия мемлекеттеріндегі адам құқығын қорғау саласындағы қоғамның ақпаратпен қамтамасыз етуінің деңгейін көтеру жобаның негізгі мақсаттарының бірі болып есептеледі.

Бүгінгі күні жоба Қырғызстандағы балалардың білімге қол жеткізу туралы сұрақтарын, Тәжікстандағы өз өзіне қол жұмсаушылықтың көбейіп кетуіне байланысты мәселелердің, Қазақстандағы сөз бостандығына қатысты мәселелерге қатысты диалогтық байланысқа қатысты сұрақтарды шешіп, қамтамасыз етіп отыр. Жобаның келесі бағыты үкіметтік емес ұйымның мүшелерін қоғаммен байланысқа, бұқаралық ақпарат құралдарымен қарым-қатынас құруға және адам құқығына қатысты халықаралық стандарттар мен сол саладағы ұлттық заңнама туралы журналистерге арналған тренингтер өткізеді.

IWPR бүгінгі таңда Еуропада, Ауғанстанда, Иранда, Иракта, Сирияда, Филиппинде, Уганда, Солтүстік Африкада, Зимбабведе, Кавказда және Орта Азия мемлекеттерінде өз қызметін жүзеге асырып келеді. Орта Азиялық аймақта IWPR-дың сәтті қызметі 1999 жылдан бастау алған. Осы уақыт аралығында Институт мемлекеттік органдармен, үкіметтік емес ұйымдармен (ҰЕҰ) және медиа құрылымдармен конструктивті қарым-қатынас орнатты. IWPR алғашқылардың бірі болып жергілікті журналистермен қарым-қатынас құрып, оларға шетелдегі әріптестерімен байланыстарын дамытуға көмектесті. Уақыт өте келе серіктестік тығыз қарым-қатынастар түріне айналды.

Мұндай тәсіл жаңа байланыстардың кеңеюін, идеялардың, білімнің және машықтармен алмасуды қамтамасыз етті. Тілдік тосқауыл мен көзқарастардың әр түрлі болуына қарамастан, www.iwpr.net сайтында көптеген мақалалар жарық көруі, жемісті жұмыстың қорытындысы болып есептеледі. Осындай жұмыстың арқасында IWPR адам құқығына байланысты, демократия мен басқа да қақтығыс тудыратын тақырыптарды, сұрақтарды баяндауға қатысты едәуір үлесін қосты.

Бюллетеннің әр нөмірінде біз сіздерді жобаның қызметімен, Қазақстандағы, Қырғызстандағы, Тәжікстандағы және Өзбекстандағы адам құқығын бұзуға қатысты әр түрлі жағдайлармен таныстыруға, сонымен қатар, жобаның қызметі туралы баяндауға тырысамыз. ●

ОСЫ НӨМІРДЕ:**2 ЖОБА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ****ӨЗЕКТІ СҰХБАТ:**

- 12 ҚР оңтүстігіндегі этникалық өзбектердің құқығы қалпына келуі керек
- 14 Қырғызстандық өзбек босқындары өздерін ұмыт қалғандай сезініп отыр

АРНАЙЫ РЕПОРТАЖ:

- 16 Кедейлік Қырғызстанда балалар еңбегін пайдалануға себеп болып отыр

ҚАЗАҚСТАН:

- 19 Өзбек босқындары Қазақстаннан депортацияланудың аз-ақ алдында

ҚЫРҒЫЗСТАН:

- 21 Қырғызстандағы жасөспірімдер арасындағы рецидивтердің санын қалай азайтуға болады
- Түсініктеме. Қырғызстандағы қайғылы жағдайларға байланысты сот процестері әділ жүргізілуі тиіс

ТӘЖІКСТАН:

- 26 Тәжікстандағы «тастанды әйелдердің» қиын жағдайы
- 28 Тәжікстанның Үкіметінің жергілікті БАҚ-дарының дау-жанжалдар бойынша хабар таратуына көңілі толмай отыр

ӨЗБЕКСТАН:

- 30 Түсініктеме. Медиасарапшы: Өзбекстанда журналистерге қатысты сот шағымдарына себеп көп
- 32 Жаслық колониясында отырғандардың аштық жариялауы

ТҮРКІМЕНСТАН:

- 33 Бүгінгі заманның түркімен әйелдеріне шынайы құқық қажет
- 35 Түркіменстан: билік медициналық қызметкерлердің шет елге шығуына қарсы күресуде

ЖОБА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ**IWPR-ДЫҢ ЖУРНАЛИСТЕР МЕН ҚҰҚЫҚОРҒАУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН КӘСІБИ ӘДЕБИЕТІ ЖАРЫҚ КӨРДІ**

Қазан айының 13, 15 және 26 жұлдыздарында Алматы, Душанбе және Бішкек қалаларында 2010 жылы журналистер мен құқықорғаушыларға арнап шыққан Соғыс және бейбітшілік Институтының (IWPR) жаңа баспа өнімдерінің презентациясы өтті. Жаңа басылымдардың арасында «Тиімді коммуникациялар» мен «Адам құқығы жайында ақпарат тарату» атты еңбектер бар. Аталған кітаптарға БАҚ пен ҰЕҰ-дың өзара әріптестігін нығайтуға, құқықорғаушылардың өз ұйымдарының іс-әрекеті жайлы БАҚ-на ақпарат беруін жақсартуға, ал журналистердің құқықорғау тақырыптары жайлы кәсіби түрде хабар таратуын дамытуға бағытталған практик-мамандардың ұсыныстары енгізілген. Сонымен қатар, осы жылы Институт «Өзгерістер жолындағы репортаждар» атты IWPR-дың жергілікті журналистерге арнап, бұрынырақта ағылшын және орыс тілдерінде шыққан кітабын жергілікті тілдерге аударды. Бұл еңбекті мамандар халықаралық журналистика стандарттары бойынша ең жақсы оқулықтардың бірі деп бағалады. Бұдан бөлек, Институт радиожурналистика бойынша нұсқаулық шығарды.



ЖОБА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ



Презентацияда кітаптар Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстанның жергілікті ЖОО-дағы журналистика факультеттері мен кафедраларына, аймақтағы YEҰ мен медиаұйымдарға сыйлық ретінде таратылды. IWPR басылымының бірегейлігі – оның барлық Орталық Азия елдерінің сарапшыларының тәжірибесін жинақтағанында. Еңбек авторлары өз елдерінде және шет елде аты шыққан Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан және Түркіменстанның құқыққорғаушылары мен журналистері және IWPR қызметкерлері болды.

ҚР білім және ғылым министрінің орынбасары Гүлжігіт Соронкулов аталған басылымдардың білім беру мақсатында қажеттілікке ие екенін атап көрсетті. Қырғыз-Ресей Славян университетінің (ҚРСУ) халықаралық журналистика кафедрасының меңгерушісі Александр Кацев кітаптар «тоталитарлы кезеңнен кейінгі толеранттылыққа деген құқықты бекітеді» деді, себебі Кацевтың пікірі бойынша, «басылымдар барынша көп тілде жарық көрген және олар студенттар санасына енген сайын, қоғамдағы толеранттылық идеясы да арта түседі».

«Әділ сөз» қазақстандық құқыққорғау ұйымының өкілі Софья Лапинаның пікірінше, «басылым құқыққорғау саласындағы YEҰ мен БАҚ арасындағы қарым-қатынастың бекуіне жағымды ықпал етеді. Аталған оқулық жас журналистердің құқыққорғау тақырыбына деген қызығушылығын арттырып, оларға ақпараттар ағынында оң-солын тануға мүмкіндік береді».

Радиожурналистерге арналған нұсқаулықтың авторларының бірі Зебо Тәжібаева басылым авторларының негізгі жұмысы сараптамалық радиорепортаждардың журналистері мен редакторлары ретіндегі жеке тәжірибе мен білім болды дейді. «Соңғы кезде Тәжікстанда және өзге де елдерде аналитикалық сюжет немесе пакет деп аталатын радиожурналистиканың жанры өле бастады. Ол – журналистің қажыр-қайраты мен уақытын талап ететін жанр. Сонымен қатар, ол – радиотыңдаушыларға ақпарат

жеткізудің ең қызықты жолы. Осы себепті аталған жанр IWPR-дың радиожобасы мен басылымның негізі болды», - дейді ол.

Құқыққорғаушы YEҰ-ға арналған тұңғыш журналистік әдістемелік туралы айта келе, «Нота Бене» ҚҰ-ның жетекшісі, танымал құқыққорғаушы Нигина Бахриева былай деді: «Тұңғыш рет бір кітапқа қоғаммен қалай дұрыс қарым-қатынас ұстау керектігін көрсететін практикалық кеңестер мен теориялық құралдар енгізілді». Ол, сонымен қатар, аталған басылымның құқыққорғау ұйымдарына өздерінің іс-әрекеттерінің қаншалықты маңызды екенін қоғамға жеткізуде көмекке келетініне сенетінін жеткізді.



IWPR кітабының презентациясы журналистер, мемлекеттік құрылымдар, медиақауымдастық, азаматтық сектор, ЖОО, халықаралық ұйымдар мен аймақ елдеріндегі дипломатиялық миссия өкілдерінің қызығушылығын туғызды. Институттың елдік кеңселері аталған басылымды тегін аламын деп қызығушылық танытқан ұйымдар мен жекелеген тұлғалардан сұраным қабылдайды. ●

ЖОБА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

БІШКЕК ПЕН ДУШАНБЕДЕ IWPR НҰСҚАСЫ БОЙЫНША АДАМ ҚҰҚЫҒЫ ТАҚЫРЫБЫНА ҚАЛАМ ТАРТЫП ЖҮРГЕН ЕҢ ҮЗДІК ОРТААЗИЯЛЫҚ ЖУРНАЛИСТЕРДІҢ АТЫ АТАЛДЫ

10 желтоқсан, адам құқығы Күнінде ортаазиялық «БАҚ-да құқықорғау мәселелері бойынша ең үздік ақпарат беру» журналистер байқауының жеңімпаздарын салтанатты түрде құттықтау рәсімі өтті. Бұдан екі күн бұрын, 8 желтоқсанда, Душанбеде, Тәжікстандық жеңімпаздарды марапаттау шарасы өткен болатын. Байқауға Тәжікстаннан бөлек Қырғызстан, Қазақстан және Өзбекстан өкілдері қатысты.

Жүлдегерлерге қанатқа ұласып кеткен қалам сипатындағы ескерткіш-сыйлық, диплом және байқау номинациясына байланысты 300-ден 1000 АҚШ долларына дейінгі сыйақы табыс етілді.

Байқау жайында 2009 жылы жарияланған болатын. Сол кезден бері IWPR адресіне аймақтың төрт елінен, мемлекеттік және жекеменшік БАҚ тілшілері мен фрилансерлерден жүзден аса өтініш келіп түсті. Өділқазылар құрамына тек өз елдері емес, шет мемлекеттерде де танымал, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстаннан тағайындалған жеті құзырлы құқықорғаушы кірді, олар Вячеслав Абрамов, Андрей Гришин, Сардар Багишбеков, Ша-

марал Майчиев, Ойнихол Бобоназарова, Шахло Ақобирова, Хақимжан Хусанов болды.

Өзбекстандық өділқазылар мүшесі Хақимжан Хусанов жекелеген номинациялар бойынша жеңімпаздарды анықтау барысында, қазылар арасында қызу пікірталас болғанын жеткізді. «Басында біз жеке-жеке баға бердік, кейін басымыз қосылып, жиналып [Skype-conference көмегімен] жеңімпаздарды анықтауға көштік», - дейді ол.

«Осындай шараларды IWPR жыл сайын өткізіп тұрса екен деген тілек бар, себебі ол құқықорғау тақырыбына жазып жүрген журналистердің кәсіби қабілеттерін дамытуға көмек болады», - деп атап өтті Тәжікстандағы «Азия Плюс» газетінің шығарушы редакторы Парвина Хамидова.

Сарапшылар кәсіби стандарттардың дамуына көмек беріп қана қоймай, аталған сипаттағы байқаулар, құқықорғау тақырыбында хабар таратуға деген қызығушылықты да оятады дейді, себебі, мәселен, бұл тақырып бойынша ақпарат беруде журналистің биліктен қарапайым сұраққа жауап алуының өзі сот шағымына әкеліп соғуы мүмкін. Халықтың құқықтық білімін арттыру мемлекеттік құқықорғау

БАЙҚАУ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ:**НЕГІЗГІ БАЙҚАУЛЫҚ НОМИНАЦИЯЛАР:***Мерзімді БАҚ*

Елена Воронина
(Қырғызстан)



Елена Братухина
(Қазақстан)



Рамзия Мирзобекова
(Тәжікстан)

Online-БАҚ

Тилав Расулов
(Тәжікстан)



Бакыт Ибраимов
(Қырғызстан)

ЖОБА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

институттарының жауапкершілігін артырады, олар «әзірге көптеген адам құқығының бұзылушылықтарына көз жұма қарап отыр», - дейді «Мерзімді БАҚ» категориясы бойынша жеңіске жеткен тәжікстандық журналист Рамзия Мирзобекова. Рамзияның өзі құқықорғау журналистикасының қандай қауіп төндіретінін жақсы біледі.

Азат Еуропа Радиосы/Азаттық Радиосының журналисі, «Азаптау және заңсыз тұтқындаулар» номинациясы бойынша марапатталған Жасұлан

Көжеков өзінің ұзақ уақыт мұнай бизнесі тақырыбына жазғандығын, құқықорғау тақырыбына келгелі бері, осы салада енді тоқтамауға бел шешкенін айтты.

Қырғызстандық танымал құқықорғаушы, «Мерзімді БАҚ» номинациясы бойынша жеңімпаз атанған Елена Воронина өзінің балалар құқығына арналған мақалалар топтамасын әділқазылар алқасы жоғары бағалады дегенді естігенде қуанғанын әрі таңқалғанын айтты. «Бұл тек менің ғана емес, бұл – мен мәселелерін жазып жүрген барлық балалардың жеңісі», - дейді Воронина.

«Бұл рәсім біз үшін нағыз мейрамға айналады», - дейді тәжікстандық журналист Валентина Касымбеко-



ва. Ол, сонымен қатар, Душанбеде өткен журналистік байқаудың жеңімпаздарын құттықтау рәсіміне келген Тәжікстан парламенті мүшелерін, шенеуніктерді, жергілікті ҰЕҰ мен халықаралық ұйымдардың өкілдерін көргеніне қуанышты екенін жеткізді. БҰҰ АҚЖКБ-ның аймақтық уәкілі Фиона Фрейзер аталған шараның жақсы бастама екенін айтып, байқауды ұйымдастырғаны үшін IWPR-ға алғыс білдірді. Ол егер байқау келесі жылы да өткізіліп жатса, БҰҰ АҚЖКБ-ның

шара аясында өз номинациясын тағайындайтындықтарын жеткізді. Байқауды Еуропалық комиссия қаржыландыратын «Орталық Азиядағы адам құқығы мен құқықтық білімді БАҚ арқылы қорғау» және Норвегияның Сыртқы істер министрлігі қаржыландыратын «Құқықорғау мәселелері, дау-жанжалдар және сенімділікті нығайту» жөнінде ақпараттар тарату бойынша ақпараттық бағдарлама» жобаларының аясында, Адам құқықтары бойынша БҰҰ-ның жоғарғы комиссарының Аймақтық бөлімшесімен (UNHCHR) және Тәжікстан Республикасындағы АҚШ Елшілігімен бірге отырып Соғыс және бейбітшілікті жариялау жөніндегі институт (IWPR) ұйымдастырды. ●

ТАҚЫРЫП БОЙЫНША АРНАЙЫ БАЙҚАУ НОМИНАЦИЯЛАРЫ:

«Әйелдер мен балалар құқығы» -



Абдуракиб Кадыров
(Тәжікстан)

«Сөз бостандығы»



Сергей Расов
(Қазақстан)

«Азаптаулар, заңсыз тұтқындаулар және қамаулар» -



Жасұлан Көжеков
(Қазақстан)

«Жүріп-тұру еркіндігі» -



Дильбегим Мавлоний
(Өзбекстан)

БҰҰ АҚЖКБ-ның «Жеткілікті баспана» номинациясы



Махамбет Әбжан
(Қазақстан)



Асыл Осмоналиева
(Қырғызстан)



Валентина Касымбекова
(Тәжікстан)

Тәжікстандағы АҚШ Елшілігінің номинациясы



Ирина Умарова
(Тәжікстан)



Фазлиддин Ходжаев
(Тәжікстан)

ЖОБА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

IWPR ТӘЖІКСТАН МЕН ҚЫРҒЫЗСТАННЫҢ ҚҰҚЫҚОРҒАУШЫЛАРЫН ЖӘНЕ ЖУРНАЛИСТЕРІН ЖАҢА МЕДИАТЕХНОЛОГИЯЛАРҒА ҮЙРЕТТИ

Қазан айында IWPR құқықорғаушылар мен журналистерге арналған Интернеттегі жаңа медиатеchnологияларды үйретуге арналған тренингтер сериясын жалғастырды. 16-17 қазанда Қырғызстанның Бішкек, Чу, Талас және Ыстықкөл облыстарының құқықорғаушы белсенділеріне арналған тренингтер өтті.

Ал Тәжікстанда аталған серияның алғашқы тренингі 29 қазанда Душанбеде өтті. Астанадан, Курган-төбеден, Раш және Варзоб облыстарынан жиналған құқықорғау ҰЕҰ және журналистерден тұратын он бес қатысушы әлеуметтік желілерде, Интернеттің жаңа платформаларында жұмыс істеді үйренді. 31 қазан және 1 қараша күндері аталған тренинг Хорогта, ал 4 және 5 қарашада Худжандта өтті, бұл шараларға 30 құқықорғаушы мен журналист қатысты.

«Біз Интернет қолданып, БАҚ пен журналистердің көмегіне жүгінбей-ақ, өз ҰЕҰ-дың қызметін дамытуға болатынын білген жоқпыз», -дейді Курган-төбеден келген Лола Джалилова. Барлық қатысушылар өздерінің жеке блогтарын ашты, ресурста енді олар адам құқығының бұзылуына байланысты мәселелердің шешіміне қатысты ақпаратты орналастыра алады. Сонымен қатар, жаңа коммуникация құралдары байланыс желісін кеңейтіп, соңғы жаңалықтардан құлағдар болуға, жұмыстың тиімділігін айтарлықтай арттыруға көмек береді.



«Бір күннің ішінде, аталған тренингтің арқасында, мен көптеген байланыс мәліметтеріне ие болдым», - дейді тағы бір қатысушы Ибодат Джураева.

Шара тренері Қырғызстандағы танымал блогшы, жаңалық порталы және ірі блог-платформа kloop.kg ресурсының негізін қалаушы Бектур Искандер болды. ●

«ОТБАСЫНДАҒЫ КҮШ КӨРСЕТУДЕН ҚОРҒАУ МЕХАНИЗМДЕРІ» ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЫ



2010 жылдың қазан-қарашасында Худжанд, Хорог, Куляб және Курган-Тюбе қалаларында әйелдерге қатысты күш көрсетудің алдын-алу және гендерлік теңдік бойынша ҰЕҰ Ассоциациясымен біріге отырып «Тәжікстан Республикасы халқының әйелдерге күш көрсету және қорғау механизмдеріне қатысты білімін көтеру» тақырыбында дөңгелек үстелдер өтті. 150-дің айналасындағы қатысушы

– аймақтағы белсенділер, мемлекеттік орган өкілдері мен дінбасылар түрлі күш көрсетуден қорғау механизмдерін талқылады. Кездесуге қатысушылар республикада отбасында күш көрсету күннен-күнге күшейіп келе жатқан мәселе екенін, ал одан қорғау механизмдері дұрыс жұмыс жасамай жатқанын айтты. Мәселен, әлі күнге дейін «Отбасындағы күш көрсетуден қорғау туралы» Заң күшіне енген жоқ. Кейбір аймақтарда, жекелеп алғанда ТБАО-да, дағдарыстық орталық, әйелдер мен ерлерге арналған психологиялық көмек қызметі, зәбір көргендерге баспана болар орындар жоқ. Сонымен қатар, азаматтардың құқықтық нигилизмі – заң мен құқықты білмеуі де жағымсыз көрініс табуда, осының арқасында күш көрсету құрбандары көмекке шақыруға асыға қоймайды.

Аталған шарамен қатар, әйелдік ҰЕҰ жергілікті ЖОО-ның студенттеріне арнап отбасындағы күш көрсетуден қорғаудың халықаралық және ұлттық механизмдері жайлы танымдық дәрістер оқыды. Аталған дәрістерді өткізуде де IWPR бастамашыл болды.

2010 жылдың 8 желтоқсанында Душанбе қаласында «Отбасындағы күш көрсетуден қорғау механизмдері»

ЖОБА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ



тақырыбына қоғамдық тыңдаулар өтті. Аталған шара Соғыс және бейбітшілікті жариялау жөніндегі институт (IWPR) қолдау білдірген, отбасылық күш көрсету туралы заңды қолдаған әйелдік қоғамдық ұйымдардың бастамасына байланысты елдің түрлі аймақтарында өткен талқылаулар сериясының соңғы кезеңі болды және осы шаралардың нәтижесі бойынша қорытынды тұжырымдарға келу шақырылды. Қоғамдық тыңдау жұмыстарына парламент, үкімет, Адам құқықтары бойынша Уәкілетті Институт, қоғамдық ұйымдар мен Тәжікстан Республикасының БАҚ-дарының өкілдер, ИМ Академиясының, Бас прокуратураның,

Жоғарғы соттың, Әділет кеңесінің, бірқатар халықаралық және өзге де ұйымдардың өкілдері қатысты. Қоғамдық тыңдауларға астана мен елдің өзге де аймақтарынан барлығы 86 адам қатысты.

Шараға қатысушылар барлық өтініштер мен ұсыныстарды біріктіріп, ТР үкіметінің қарауына беру туралы шешім қабылдады. Негізгі ұсыныстардың бірі мемлекеттің «Отбасындағы күш көрсетуден қорғау туралы» Заңды қабылдауына қатысты болды. Дөңгелек үстелдер мен дәрістер барысында аталған заңға қолдау білдірген 300-ден астам қол жиналды. Тыңдаулар нәтижесінде аталған заңды қабылдауға және БҰҰ-ның конвенциясының әйелдерге қатысты қандай да бір шеттетудің алдын-алу туралы Факультативті хаттамасын ратификациялауды қолдау ретінде қарар қабылданды.

«Менің ойымша, IWPR қолдауының арқасында, аталған заңды қабылдауға бағытталған іс-әрекеттер шешуші кезеңге жақындап қалған секілді», - дейді Тәжікстандағы гендерлік теңдік үшін құрылған қозғалыстың белсенділерінің бірі, «Университеттік білімі бар әйелдер» ҚҰ-ның жетекшісі Гульджаход Бобосадыкова.

Барлық шаралар Еуропалық Комиссия қаржыландыратын «Орталық Азиядағы адам құқығы мен құқықтық білімді БАҚ арқылы қорғау» және Норвегияның Сыртқы істер министрлігі қаржыландыратын «Құқыққорғау мәселелері, дау-жанжалдар және сенімді нығайтуға байланысты хабар тарату бойынша ақпараттық бағдарлама» жобаларының аясында өтті. ●

«ҮЕҰ МЕН БАҚ АРАСЫНДАҒЫ ТИІМДІ ӘРІПТЕСТІК» ТРЕНИНГІ

18-19 қазанда және 2-3 желтоқсанда Алматы қаласында, ал 6-7 желтоқсанда Талдықорған қаласында үкіметтік емес ұйым қызметкерлері мен журналистерге аса өзекті мәселелерді шешуге келгенде өзара тиімді түрде ықпалдастықта болудың жолдарын оқытуды мақсат етіп қойған тренингтер өтті. Алматыда тренер БАҚ-дағы маркетингтік коммуникациялар маманы, әл-Фараби атындағы ҚазҰҰ-нің БАҚ менеджменті және жарнама кафедрасының аға оқытушысы Марлан Негізбаев болса, Талдықорғанда «Диалог Талдықорғана» газетінің тілшісі Яна Бачевская өз білімімен бөлісті.

Қазақстанның оңтүстік астанасында мұндай байланыстар аймақтарға қарағанда көш ілгері, бірақ екі тренингте де қатысушылар аталған әріптестікті нығайтуға байланысты көптеген сұрақтар қойып жатты. Күн тәртібінде келесі мәселелер қарастырылды: баспасөз мәслихатының брифингтен не айырмашылығы бар, үкіметтік емес ұйым оң ниеттегі журналистер тобын қалай құра алады, БАҚ-тың қатысуымен өтетін шараны тиімді өткізудің қандай жолдары бар және әр ҮЕҰ өзіне қажетті БАҚ-н қалай таңайды.

Тренер Яна Бачевскаяның сөзіне қарағанда, жергілікті ҮЕҰ негізінен жекеменшік баспасөзбен байланыс ұстайды, ал мемлекеттік газеттермен мүлде әріптестік жоқ десе де болады. Сондықтан желтоқсандық кездесуге «бюджет қызметкерлері» де шақырылды. Ал, ҮЕҰ-дардың пікірінше,

аймақтарда БАҚ назар аударуы тиіс әлеуметтік мәселелер жетерлік, ол: әлеуметтік жұмыскерлердің жетіспеушілігі және мүгедектердің құқығының қорғалуы, суғарым және ауызсу мәселелері, жетім-балалардың шешімін таппаған сұрақтары.

«Мұндай тренингтердің қазақ тілінде де өткені қуантады», - деп санайды шымкенттік Әйелдер дағдарыс орталығының өкілі Эльмира Дүйсекеева. ●



ҚАЗАҚСТАН ҚҰҚЫҚОРҒАУШЫЛАРЫ БАҚ-МЕН АРАДАҒЫ ЖҰМЫСТАРЫН ЖЕТІЛДІРУДЕ



25-26 қазан күндері Алматыда және 28-29 қазанда Павлодарда Соғыс және бейбітшілікті жариялау жөніндегі институттың (IWPR) Қазақстандағы өкілеттілігі ұйымдастырылған «Құқықорғаушы ҮЕҰ-ға арналған қоғамдық-ағартушылық қызмет» тақырыбында тренинг-семинарлар өтті. Алматы, Шымкент, Талдықорған, Тараз және Павлодар қалаларынан 30-дан астам ҮЕҰ өкілдері ақпаратты жалпы жұртқа жеткізудің жолдарын тренер Ирина Чистяковадан (Бішкек) үйренді. Ирина Чистякова - байланыс саласының тренер-кеңесшісі, Ортаазиялық менеджмент бойынша сертификатталған кеңесшілер Институтының мүшесі,

Қырғыз-Ресей Славян Университетінің (ҚРСУ) халықаралық журналистика кафедрасының оқытушысы.

Тренер ҮЕҰ мен БАҚ арасындағы әріптестікті кеңейту жолдары және аудиториямен жұмыс тәсілдері туралы айтып өтті. Ерекше назарға аса үлкен шығын қажет етпейтін, бірақ мақсатты аудиторияға ақпарат жеткізуде үлкен көмек болатын әлеуметтік, «партизандық» және ВП- маркетингтің аспектілері ілікті. Тренингте шара таңдау мәселелері, қоғамдық-ағартушылық қызметті жүргізу жолдары (ол мейлі көше қойылымы, концерт не фотокөрме болсын) талқыланды. Қатысушылар мұндай шараларды өткізу жолда-

рын қарастырып, олардың тиімділігі жөнінде ойларын ортаға салды.

«Қазір көптеген ҮЕҰ БАҚ-мен әріптестіктің жолын іздейді, алайда құқықорғаушылар қандай да бір күрделі мәселеге келгенде редакцияның ол жайлы ақпарат бермеуге деген ниетіне ұшырайды. Бұл тренингте мен журналистермен арадағы қарыс-қатынасты тиімді түрде дамытудың әдіс-тәсілдеріне қанықтым, - деді Талдықорған демократияға ықпалдыстық аймақтық орталығының директоры Сәния Қасаболатова. «Екі ортадағы қиыншылықтарға қарамастан, БАҚ ҮЕҰ мен мақсатты аудитория арасындағы көпір іспетті», - дейді «Қазақстанның құқықтық дамуы» ҮЕҰ-ның төрайымы Күнсұлу Мәкен. «Біз тек баспасөзге сеніп қана қоймауымыз керек, бізге мақсатты аудиторияның назарын аударта алатын тиімді және жаңашыл шараларда өткізуге болады», - дейді Мәкен. Өз кезегінде «Әйелдер – ұлт болашағы үшін» ҚҰ-ның төрайымы Жанна Бороздина Қазақстанның жергілікті құқықорғаушыларының негізгі проблемасы өз мақсатты аудиториясын нақты және дұрыс анықтамауында дейді. «Бір қарағанда, қарапайым осынау дүниелер назар аударуға және зерттеуге тұрады, себебі біздің қызметтің сәттілігі көп жағдайда осыған байланысты», - деп қорытындылады өз ойын Бороздина. ●

АЛЕКСЕЙ МАЛАШЕНКО: «ГЕОСАЯСАТТАН ХАБАРЫ БАР АДАМДАРДЫҢ ҚЫРҒЫЗСТАНҒА ДЕГЕН НАЗАРЫ АРТА ТҮСПЕК»



3 қарашада Бішкекке Карнеги Мәскеу орталығының ғылыми кеңесінің мүшесі Алексей Малашенконың қатысуымен «Даулы оқиғалардан кейінгі елде сенімді қалай орнатуға болады» деген тақырыпта Дөңгелек үстел өтті. 4 қарашада сарапшы Қоғамдық саясат институты (IPP) жобаларының қатысушылармен және БАҚ өкілдерімен кездесіп, әрі дәріс, әрі іскери ойын өткізді. Ойын демократия мен авторитарлықтың оң және теріс тұстарын талқылауға арналды. Шараны IPP Соғыс және бейбітшілікті жариялау жөніндегі институттың (IWPR)

Қырғызстандағы Өкілеттілігімен біріге отырып ұйымдастырды.

Малашенконың «геосаясаттан хабары бар адамның Қырғызстанға деген назарының арта түсетініне» сенімі мол, себебі, біріншіден, бұл мемлекет Ферғана жазығының бір бөлігі, екіншіден, Ауғанстанға жақындығы бар, үшіншіден бұл жерден өзендер бастау алады.

Малашенко Қырғызстан оқиғаларының бұдан арғы дамуына деген үш түрлі сценарий ұсынды. Бірінші – бұл инерциялық сценарий, мемлекетте бес жыл бойы ішкі талас-

ЖОБА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

тартыс жүреді, кімнің мықты екені анықталып, күшке ие тұлғалардың айналасына өзгелер топтаса бастайды. «Қазіргі 5-6 ірі партияның арасынан, нағыз күшке тек екеуі ие бола алады. Мұндай жағдайда ел авторитарлыққа жол тартады», - деді сарапшы.

Екінші – дағдарыстық сценарий - Қырғызстанда елді құлдырауға алып келетін «революциялар» толқыны жүреді. Сарапшының ойынша, «Қырғызстан тағы бір көтерілістен аман шыға алмайды». Ал үшінші, жағымды сценарий бойынша саяси және экономикалық даму болады, оған бірнеше фактордың сәті үйлесуі ықпал етеді, қырғыз халқына да қол қусырып қарап отыруға болмайды. Алексей Малашенко

қандай жағдай болмасын, «бір орында тұру кері кетумен тең» деген пікір айтты.

«Бұл сценарийлердің бәрі де Қырғызстанға деген сырт көзге ықпал етеді», - деп атап өтті Малашенко.

Сарапшы жөнінде: Алексей Малашенко ұзақ уақыт PFA-да жұмыс істеген, халықаралық бейбітшілік жолындағы Карнеги Қорының (Carnegie Endowment for International Peace) «Дін, қоғам және қауіпсіздік» бағдарламасының жетекшісі, ХҚММИ профессоры, Колгейт Университетінің шақырылған профессоры, көптеген ғылыми еңбектер мен жарияланымдардың авторы, саясаттанушы, исламтанушы. ●

ҚЫРҒЫЗСТАНДА ЖАБЫҚ МЕКЕМЕЛЕРГЕ БҰРЫНҒЫДАН ДА КӘСІБИ ТҮРДЕ МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗІЛЕДІ

24-26 қарашада Ыстықкөлде (Қырғызстан) бас бостандығынан айыру орындарына жүргізілетін қоғамдық мониторингтің құралдарын дайындау бойынша жұмыс кездесуі болды. Шараны Соғыс және бейбітшілік жөнінде жариялау институтының (IWPR) ҚР-дағы өкілеттілігінің және «Фридом Хаус» ұйымының қолдауымен «Голос свободы» ҚҚ ұйымдастырды.

«Голос свободы» ҚҚ-ның жетекшісі Сардар Бағышбеков атап өткендей, бұл мамандарға арналған нақты оқыту курсы болды. Шараға қатысушылар – ҚР Жазалауды жүзеге асыру мемлекеттік қызметінің, Омбудсмен Аппаратының (Ақыйкатчы) қызметкерлері, заңгерлер, қоғамдық және халықаралық ұйым қызметкерлері жабық мекемелерге мониторинг жүргізуге арналған қажетті құралдарды дайындап, оны Чолпон-Ата қаласында орналасқан № 44 колония-қонысында тексеріп көрді. 17 түрлі ғимаратқа арналған карталар мен бес түрлі топқа арналған сұхбат сұрақтары дайындалды.



Жұмыс тобының модераторы болып Армения Республикасының «Азаматтық қоғам институты» ҚҰ-ның президенті және БҰҰ-ның азаптауға қарсы комитет бөлімінің мүшесі Арман Даниелян болды. Тренерлер Қырғызстаннан шықты: Тәуелсіз құқыққорғау тобының сарапшысы Улугбек Азимов және ТҚТ-ның директоры Динара Саянова.

Арман Даниелян құралсыз мониторинг жүргізу үзік-үзік ақпарат алуға

әкеледі деді. Ал қажетті ойластырылған құралдар, әдіс-тәсілдер ең басты мәселені назардан тыс қалдырмай, жүйенің даму динамикасын бақылауға мүмкіндік береді. Даниелянның ойынша, мониторинг тиімділігіне бірнеше фактор әсер етеді, ол: қолжетімділік, мониторингтік топтардың есебінің жүйе басшылығы тарапынан назарға ілігуі және мониторингтік топтардың қаржылық жағдайы.

«Күн сайын осы ортада жүрген соң үйреніп кетесің, кейбір дүниелерді байқамайсың да. Қазір менің қолымда бақылау карталары бар. Мен өзім осы карталардың көмегімен қол астымдағыларды тексере аламын», - деді жұмыс кездесуіне қатысқандардың бірі, Молдовановка ауылында орналасқан ЖОМҚ жанындағы №31 мекеменің бастығы Кубанычбек Шаршембиев. Сарапшылардың сөзіне қарағанда, ҚР-ның пенитенциарлы жүйесінде ілгерілеушілік бар, алайда шешілмеген мәселелер де жеткілікті, соның бірі - ақпаратқа қол жеткізу. ●

УЛУГБЕК БАБАКУЛОВ: «ДАУ-ЖАНЖАЛ КЕЗІНДЕ ЖУРНАЛИСТ ЖАЛҒЫЗ АҚПАРАТ КӨЗІНЕ АЙНАЛАДЫ»

2010 жылдың 25-26 қарашасында Ош қаласында «Дау-жанжалдар жайлы ақпарат берудегі журналистің қауіпсіздігі» тақырыбында Баткент, Жалалабад және Ош облыста-

рының журналистері мен құқық-қорғаушыларына арналған тренинг өтті. Тренингтің мақсаты – журналистерге заңды қорғаныстың, өз-өзін қорғаудың және алғашқы жәрдем

көмегін көрсетудің қырсырын үйрету болды.

Алғашқы жедел жәрдем көмегін көрсетудің әдіс-тәсілдерін қатысушыларға Қырғыз Республикасының Жар-

ЖОБА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ



ты Ай Ұлттық Қоғамының Оңтүстік аймақтық өкілдігінің жаттықтырушы-құтқарушылары үйретті. «Альфа» детективті-күзет агенттігінің өз-өзін қорғау бойынша инструкторы журналист қолында бар заттардың көмегімен даулы мәселелерден қалай аман шыға алатындығы және өзін қорғай алатындығы жөнінде тәжірибесімен бөлісті.

Журналистік мәселелер бойынша негізгі тренер «МК-Азия» газетінің бас редакторы Улугбек Бабакулов болды. «Журналистің қауіпсіздігі мәселесі, шын мәнінде, өзекті тақырып, себебі даулы оқиғалар кезінде журналист жалғыз ақпарат көзіне айналады. Жанжалды жерден аман шығып қана қоймай, ол алынған ақпаратты аман сақтап қалу керек», - дейді ол. ●

САРАПШЫЛАР ҚЫРҒЫЗСТАННЫҢ ПАРЛАМЕНТАРИЗМГЕ ЖАСАҒАН АЛҒАШҚЫ ҚАДАМДАРЫН ТАЛҚЫЛАДЫ



Қырғыз Республикасындағы IWPR Өкілеттілігі халықаралық бейбітшілік Карнеги Қорымен (Вашингтон) біріге отырып жасаған видео-Интернет-дөңгелек үстел шарасын жалғастыруда. ҚР жетекші партияларының өкілдері мен сарапшылар өздерінің американдық әріптестерімен – Орталық Азия аймағы бойынша зерттеушілермен және сарапшылармен талқылау барысында Қырғызстанда бүгінгі күні болып жатқан саяси оқиғалар жайында пікір алмасты.

Соңғы видеоконференциялардың бірі ҚР-дағы парламент сайлауынан кейін (12 қазан) 15 қазанда өткен болатын. Сайлауда халық заңнамалық органда өз мүддесін кім қорғайды, осыған байланысты дауыс берген-ді. Халықаралық бақылаушылар сайлауды Қырғызстан тарихындағы «ең ашық сайлау» деп бағалады, алайда көптеген партиялардың қатысуы қатардағы сайлаушыға бірқатар қиындықтар туғызуы мүмкін болды. Сайлау нәтижесінде ҚР парламентіне (Жогорку Кенеш) жиырма тоғыз партияның бесеуі өтті, олар: «Атажұрт» (парламенттен 28 орын тиді), ҚСДП (26 орын), «Ар-Намыс» (25 орын), «Республика» (23 орын) және «Атамекен» (18 орын).

Сайлау нәтижелері жайлы өз ойларын білдіре отырып, бірқатар сарапшылар елдегі са-

яси процестердің ерекшеліктеріне тоқтала кетті. «Бұл сайлауда парламентаризмді күту патернализм тенденциясымен ұласып жатты», - дейді «Полис-Азия» орталығының директоры Эльмира Ногойбаева. Оның ойынша «партиялардың бір бөлігі парламентке осы патерналистік толқында өткен, бұл тенденция үкіметті жасақтау кезінде де көрініс табады, себебі партиялардың жетекшілері алдында міндеттері бар». Осымен қатар, саяси күресте ұлттық фактордың күшейіп келе жатқаны және қырғыз элитасының [сайлау алдында] жинақталып үлгергендігі, осының арқасында парламентке жол тапқаны жайлы да пікірлер айтылды.

Сарапшылардың пайымдауынша, бұдан бөлек Қырғызстанда болашақ үкіметті жасақтауда қиындықтар туындайды, бұл бірнеше партияның іске араласатындығымен байланысты болмақ.

Келесі видеоконференция, парламентте коалициялық көпшілікті құру талпынысы сәтсіз аяқталған соң, 6 желтоқсан күні өтті. Ногойбаеваның пікірі бойынша, кез келген коалицияның өміршеңдігі қазір күмәнді, себебі партиялар көптеген мәселе бойынша қарама-қайшы пікірде. Алайда, саяси партиялардың бірқатар өкілдерінің ойынша, елде

ЖОБА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

болып жатқан соңғы оқиғалар басқарудың бір формасынан екінші формасына өтудегі қалыпты жағдайларды көрсетеді. «Біз парламенттік жүйені алғаш рет құрғалы отырмыз. Меніңше, бізге тәжірибе жетіспейді, бірақ, біз үйренеміз», - дейді «Атамекен» фракциясының атынан парламент депутаты Равшан Жеенбеков.

Саяси сарапшы Марс Сариев «парламентаризм жүйесі саясаткерлердің жаңа түрін әкеледі» және олар ашық түрде келісімге келіп, жұмыс істейді деп санайды. Бұдан бөлек, сарапшының ойынша, қазіргі орын алып отырған сая-

си күресті талдауда сыртқы күштердің ықпалын да ескеру қажет. Оның ойынша, сыртқы күштер Қырғызстанның ішкі саясатына үлкен ықпал жүргізеді.

Кездесу қорытындысын түйіндей келе, қатысушылар билік жүргізуші коалицияның тұрақтылығы мен үкімет жұмысының тиімділігі жақын арада тұрақтылыққа зәру мемлекеттің сыннан өтер тұсы болмақ деген пікірге келді. Алайда 2011 өтетін президент сайлауы саяси күрестің қуатын қалпында қалтырады, оның үстіне саясаткерлердің бір бөлігі осы күні-ақ сайлауға дайындықты бастап кетті. ●

ТӘЖІКСТАНДАҒЫ ЕҢБЕК МИГРАНТТАРЫНЫҢ ӘЙЕЛДЕРІ МЕН БАЛАЛАРЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ӨТКЕН ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛДЕР СЕРИЯСЫ

2010 жылдың 25 қарашасы мен 6 желтоқсаны аралығында Соғыс және бейбітшілікті жариялау жөніндегі институттың (IWPR) Тәжікстандағы Өкілеттілігі «Адам құқықтары бойынша орталық» ҚҰ-мен біріге отырып еңбек мигранттарының әйелдері мен балаларының ең бір түйткілді мәселелерін талқылауға арналған дөңгелек үстелдер сериясын өткізуге бастама болды. Аталған шаралар Ходжанти, Хорог, Курган-Төбек, Таджикибад және Душанбе қалаларында орын алды.

150-ден астам түрлі қоғам топтарының өкілдері, ҰЕҰ белсенділері, жергілікті билік органдарының өкілдері, құқыққорғаушылар мен журналистер, сонымен қатар, халықаралық ұйымдар өкілдері қатысқан дөңгелек үстелдер барысында еңбек миграциясының Тәжікстандағы отбасы институтына тигізетін кері ықпалы талқыланды.

Мәселен, Ресей Федерациясының Федералды миграциялық қызметінің мәліметтеріне сүйенсек, 2010 жылдың 1 қаңтарынан 20 қазанынан дейін Ресей аумағына Тәжікстаннан 929 мың адам кірген. Олардың басым көпшілігі жұмыс табу мақсатында келді. Ресми ресейлік статистикаға сәйкес, жыл сайын еңбек мигранттары Тәжікстанға 2 миллиард долларға дейін ақша аударады, ал бұл ТР-ның табыстық құрылымының 40%-ын құрайды.

Қатысушылар еңбек миграциясының қоғамдағы әлеуметтік қарым-қатынасқа жағымсыз әсерін тигізетінін атап өтті. Мұндай байланыстардың әлсіреуі ажырасқан отбасылар санын арттырып, ең бірінші кезекте, әйелдерге кері әсерін тигізеді. Олар бірқатар әлеуметтік, мүлкітік, тұрғын үй және экономикалық проблемаларға тап болады. Бұдан бөлек, отбасының күйреуінен немесе ата-анасының еңбек мигранты болуына байланысты қараусыз өскен балалар саны көбейеді, ал мұндай балалардың қауіп тобына енетіні белгілі.

«Тәжікстанның еңбек миграциясына қатысты өзекті мәселелерін шешерде, оларды қабылдайтын елде еңбек мигранттарының құқығының қамтамасыз етілуіне мүмкіндік беретін және Тәжікстанда қалған мигранттың отбасы мүшелерінің құқығы мен мүдделерін қорғайтын кешенді шараларға бару керек», - дейді «Перспектива Плюс» үкіметтік емес ұйымының басшысы Ойнихол Бобоназарова.

Кездесу барысында болған талқылаулар нәтижесінде жағдайды жақсартуға бағытталған бірқатар қажетті ұсыныстар қабылданды. Бұл ұсыныстар ТР үкіметі мен басқа да қызығушылық танытқан ұйымдарға жіберіледі. ●

ШЫМКЕНТТЕ ӨТКЕН «БАЛАЛАР ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ» ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛІ

7 желтоқсанда Шымкент қаласында «Орталық Азиядағы адам құқығы мен құқықтық білімді БАҚ арқылы қорғау» жобасының аясында Соғыс және бейбітшілікті жариялау жөніндегі институттың (IWPR) Қазақстандағы Өкілеттілігі мен «Медиа Оңтүстік» құқыққорғау ұйымы біріге отырып «Балалар құқығын қорғау» атты дөңгелек үстел өткізді.

Шараға Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік құрылымдарының, жекелеп алғанда облыс әкімшілігінің жанындағы әйелдер және балалар құқығы бойынша Комиссияның, кәметке жасы толмағандар ісі бойынша Мемлекеттік инспекцияның және жергілікті құқыққорғау ұйымдары мен БАҚ-ның өкілдері қатысты.

Дөңгелек үстелдің мақсаты – аймақта балалар құқығы бойынша жұмыс атқарып жатқан құзырлы ведомстволар мен құқыққорғау ұйымдарының осы мәселенің жан ауыртарлық тұстарына назарын аударту, олар: ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалардың құқығы мен мүддесін қорғау, балаларға қатігездікпен қарау, білімге қолжетімділік, мемлекеттік құқықтық механизмдердің тиімділігі.

Нәтижесінде жергілікті және орталық билік органдарына арналған ұсыныстар қабылданды: бала құқығына қатысты заңнаманы жетілдіру, балаларды қорғау туралы Халықаралық конвенцияны ратификациялау, балалар құқығы бойынша Омбудсмен лауазымын тағайындау, арнайы «ювеналды» соттар құру және балалар құқығы тақырыбын БАҚ-да көтеруге ат салысу. ●

ӨЗЕКТІ СҰХБАТ

ҚР ОҢТҮСТІГІНДЕГІ ЭТНИКАЛЫҚ ӨЗБЕКТЕРДІҢ ҚҰҚЫҒЫ ҚАЛПЫНА КЕЛУІ КЕРЕК



Қырғызстан билігі, ең бірінші кезекте, елдің оңтүстігінде болған маусым оқиғаларына байланысты сот процестерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуі керек. Бұл процестерде айып негізінен этникалық өзбектерге тағылып отыр дейді Хьюман Райтс Вотч (Human Rights Watch) халықаралық құқықорғау ұйымының Еуропа және Орталық Азия бойынша Бөлімі директорының орынбасары Рейчел Денбер 5 желтоқсан күні болған NBCA-мен сұхбатта.

Хьюман Райтс Вотч өкілінің пікіріне қарағанда, маусым оқиғалары бойынша ресми объективті мәліметтердің болмауы, негізгі кінәлілердің және күш көрсеткендердің жауапқа тартылмауы қырғызстандық өзбектердің құқығына кері әсерін тигізіп отыр.

IWPR: Қырғызстанның оңтүстігіндегі белсенділер этникалық өзбектердің құқығының бұзылғандығы жөнінде хабарлап отыр, ал ресми органдар мұндай жағдай болмаған деп мәлімдейді. Қырғызстанның осы аймағындағы жағдайға мониторинг жүргізумен және сот процестерін бақылаумен айналысатын Хьюман Райтс Вотч құқықорғаушылары бұл мәселе жөнінде қандай пікірде?

Рейчел Денбер: Біз жақында сайланған депутаттар құрайтын Қырғызстанның жаңа үкіметіне арналған хатты дайындап қойдық.

Хатта Ош және Жалалабат қалаларында болған оқиғаларға қатысты сот процестерінде айыпталушылардың, куәгерлердің, адвокаттардың және құқықорғаушылардың қауіпсіздігіне жете мән берілмей отырылғандығы туралы жазылған.

Хьюман Райтс Вотч көзге анық көрініп тұрған фактілерге қарамастан, қылмыс жасады деп айыпталып жатқан адамдарды қинап, азаптап мойындату жағдайын зерттеу қажеттілігі туралы айтады.

Біз Қырғызстан билігін барлық сот процесіне қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, куәгерлерге көмек көрсетуде бастамашыл болуға, қандай да қауіп төнбесін, соттың оған ақыл-сабырмен келуін ойластыруға шақырамыз.

Бірақ, бұл жеткіліксіз. Нағыз қауіпсіздік шаралары қажет, себебі жазаның болмауы, дау-жанжалдың одан әрі өршуіне жағдай жасап отыр. Бұл мәселелердің бәрі этникалық өзбектерге қатысты, себебі олар – аталған істер бойынша негізгі айыпталушылар.

Хьюман Райтс Вотч сот процестері барысында біздің ұйым бақылап, тіркеген, бірнеше фактіні келтіреді. Біздің ұйым зерттеушілері айыпталушыларға, адвокаттарға, олардың туыстарына жасалынған шабуылдарға куә болды. Мәселен мұндай жағдай 2010 жылдың 13 қазанында, 4 қарашасында болған соттарда тіркелген.

Үкімет тарапынан болған түрлі мәлімдемелер аталған оқиғаларды тергеу және сот процесі барысында этникалық өзбектерге қатысты ешқандай алалаушылық болмады деп көрсетеді. Мысалы, қараша айында, ҚР президенті Отунбаева «Қырғызстанның оңтүстігіндегі сот процестерінде өзбек халқына байланысты шеттетушілік болған жоқ» деді.

Алайда, жүргізілген мониторинг кері жағдайды көрсетіп отыр: процестер барысында соттар біржақтылыққа салынған. Тамыз айында қырғыз прокуратурасы ұсталған 243 адамның 29-ы этникалық қырғыз, ал қалған екі жүзден астамы этникалық өзбек екендігін анықтады.

ӨЗЕКТІ СҰХБАТ



Отунбаеваның сөзіне қарағанда, Ош аймағында маусым тәртіпсіздіктерінде қатысты 100 этникалық өзбек айыпталған, ал айып тағылған этникалық қырғыздардың саны – бар болғаны тоғыз.

Хьюман Райтс Вотчтың жеке зерттеуі жасалған қылмыстарға қырғыздардың да, өзбектердің де қатысы бар екенін, алайда тұтқынға алынған және азаптауға кезіккендердің басым бөлігі өзбектер екенін көрсетті.

Соттарда қауіпсіздіктің жоқтығынан кімдер азап шегуде? Этникалық өзбектер: айыпталушылар, куәгерлер, туыстары, заңгерлер. Алайда прокуратура заң алдында бәрі тең, осы себепті этникалық фактор назарға алынбайды деп отыр.

IWPR: Қазір Қырғызстан билігі біз адамдарды қырғыздар мен өзбектер деп бөлмейміз, олардың әрқайсысы ел азаматы, сондықтан азамат ретінде жауапқа тартылу керек дейді.

Денбер: Билік этносты көріп тұрған жоқпыз десе, ол оның бірнәрсені жасырып тұрғандығына байланысты. Мүмкін мұның артында шынайы көріністі бұрмалайтын біржақтылық тұрған шығар.

Құқыққорғау қоғамы мұны зерттеуде, біз ресми тұлғаларды аталған сөздерінен тек жасандылық көріп отырмыз. Себебі, билік орын алған фактілерге байланысты объективті мәлімет жинамайды, екі этникалық топ арасында болған жанжалға қатысты маусым оқиғаларына қатысты әділетті зерттеу жүргізбейтіні даусыз шындық.

Мүмкін, бұл оқиғалардың себебі ұлтқа қатысты емес шығар, мүмкін олардың тамыры одан да әрі тереңде

жатқан шығар, алайда екі этностың арасында оқиғаның болғаны болған, сондықтан билік енді қашып құтыла алмас. Қолда бар қазіргі мәліметтер қарасақ, этникалық өзбектерге қатысты қозғалған қылмыстық істердің саны мен сапасында, оларға берілген жаза көлемінде қарама-қайшылық бар екенін көрсетіп отыр.

IWPR: Ош және Жалалабад қалаларында болған күш көрсетулер нәтижесінде жарақат алған жандардың әлі күнге үйден шыға алмай, жергілікті дәрігерлерден көмек сұрауға қорқатындықтарын, медициналық қызмет түрлеріне қол жеткізе алмай отырғандығын құқыққорғаушылар мәлімдеп жатыр. Сіздерде осыған қатысты мәліметтер бар ма?

Денбер: Мұндай фактілер тамыз айында тіркелген болатын, олар мұқият зерттеуді қажет етеді.

IWPR: Қазір Қырғызстанның оңтүстігінде жұмыс жасап жатқан Халықаралық тәуелсіз комиссиясының мүшелері (Kyrgyzstan International Inquiry Commission) желтоқсан айының ортасына таман есеп берулері мүмкін екендіктерін мәлімдеді. Ол есептің жариялануы өзбек мәселесіне қаншалықты әсер етеді?

Денбер: Жеке мәлімдемелердің этникалық өзбектердің жағдайына қаншалықты әсер ететінін айту қиын. Менің ойымша, біз бәрін бірге қосып зерттейміз. Алайда, ең бастысы – баяндамаға биліктің қандай үн қататыны және оны зерттеген соң қандай қадамдарға баратыны.

Сұхбатты IWPR-дың Өзбекстан мен Түркіменстан бойынша аға редакторы **Инга Сикорская** алды.

Аталған мақала National Endowment for Democracy қоры қаржыландыратын «Орталық Азияның жаңалықтар топтамасы» жобасының аясында дайындалды.

ҚЫРҒЫЗСТАНДЫҚ ӨЗБЕК БОСҚЫНДАРЫ ӨЗДЕРІН ҰМЫТ ҚАЛҒАНДАЙ СЕЗІНІП ОТЫР



Мухаммадкадыр Карабаев Ферғана жазығының өзбекстандық бөлігінде қалған босқындардың қатарында бес ай бойы елден шетте жүр. Олар жазда Қырғызстанның оңтүстігінде болған қанды оқиғалар кезінде қашып, шекарадан өткен болатын. NBCA-мен болған сұхбатта ол заңсыз босқындардың қалай тұрып жатқандығы және олардың елге неге оралғылары келмейтіндігі жөнінде айтып берді.

Мухаммадкадыр Карабаев: Біздің есептеулер бойынша, Әндіжан, Наманган және Ферғана облыстарында таныстары мен туыстарын паналап жүрген екі мыңнан астам босқын бар. Бұлар Қырғызстанның оңтүстігіндегі Ош және Жалалабад облыстарында осы жылдың маусым-шілдесінде болған этникалық күш көрсетулерден кейін Өзбекстан территориясына қашқан жүз мың өзбектің қатарында болған. Босқындардың арасында аталған аймақтардың өзбектері ғана емес, басқа облыстардан қашқандар да бар.

IWPR: Ол адамдар қазір қандай жағдайда?


Карабаев: Босқындар тобы аралас жандардан тұрады.

Олардың арасында дені саулары да бар, медициналық көмекті қажет ететіндері де жиі кездеседі. Көпшілігі туыстарында өмір сүруде. Кейбірін Ресейге жіберуге мүмкіндік болды.

IWPR: Жазда қырғызстандық билік босқындардың қайта оралғандығы, оларға көмек көрсетіліп, уақытша тұрғын үйлердің салынып жатқандығы жайлы мәлімдеген еді. Сздің мәліметтер бойынша Өзбекстан аумағында қалғандар неге елге оралмаған?

Карабаев: Олар үйлері өртеліп, жақындары қаза тапқан

ӨЗЕКТІ СҰХБАТ



Қырғызстанның оңтүстігіне оралғылары келмейді. Себебі ол жақта әлі күнге тыныштық орнаған жоқ, өмірлеріне қауіп төнуі мүмкін. Есіңізде болса, шілдеде кейбір әйелдер балаларымен туған жерлеріне оралғылары келген, алайда этникалық өзбектерге қатысты шеттету, адам ұрлау жүріп жатқандықтан, олардың кейбірі жағдайы тыныш Өзбекстанға қайта қайтты. Ал Қырғызстанда қалғандар билік бізді қорғайды деп сеніп қалды, енді олардың тағдыры күмәнді күйде қалып отыр.

IWPR: Өзбекстанда заңсыз дерлік жағдайда жүрген сіздердің қауымның қазір қандай жоспары бар?

Карабаев: Біз отанымызда, Қырғызстанда тыныштық орнайды деп ұзақ уақыт үміттендік. Алайда қазір біз билікке сенбейміз, себебі оңтүстікте ұйымдасқан қылмыстық топтардың еркін түрде этникалық өзбектерге қысым көрсетіп жатқандығы туралы хабарлар алып жатырмыз. Біз сот қуғындаулары мен шеттетулері туралы білеміз. Біз Астанада өткен

ЕҚЫҰ саммитіне үміт артқан едік, оған Қырғызстан мен Өзбекстанның құқыққорғаушылары қатысты. Алайда, қазір бізге белгілі болғандай, қырғызстандық құқыққорғаушылар бастарына қауіп төнуі мүмкін болғандықтан, өзбек мәселесін көтеруден тайсақтайды.

ӨҚҚҰ саммитінен кейін үміт пайда болғандай болды [14 желтоқсан]: қырғыз билігі оянып, бізді кездесуге шақырған делдалдар да шықты. Алайда, біздің тарапымыздан оларға деген сенім жоғалды. Олар уәде беріп, іс жүзінде басқа қадамға баруы мүмкін.

IWPR: Босқындар қандай шарт-талаптар орындалғанда оралады?

Карабаев: Мұны айту қиын, себебі қазіргі жағдайда ешкім бізге кепілдік бере алмайды. Өндіжанда болған маусым оқиғасынан кейін [ескертпе: 22 шілде 2010 жыл], жергілікті хокиммен және босқындармен кездесуге ҚР Жалалабад облысының губернаторы Бектур Асанов келді. Ол қырғыз аумағында өзбектерге ешкім тиіспейді, жағдай бақылауда деп мәлімдеген болатын, алайда бізге жеткен хабарлар бойынша, көптеген өзбектер күдік астында, әлі күнге дейін тұтқындаулар жүреді, милиционерлердің өздері өзбектерді елден шығару туралы жазылмаған бұйрық алғандығын айтады. Бұдан бөлек, брондалған техниканың, автоматтар мен гранататқыштардың көмегімен басылған көтеріліске жүздеген этникалық өзбектің өліміне қарамастан, кінәлілер әлі күнге жазаланбаған. Алайда осы этникалық өзбектердің арасында тәртіпсіздіктерге қатысты деп жазаға тартылғандар бар. Яғни, өзбектерді өз үйлері мен балаларын күш көрсетушілерден қорғағаны үшін ұстап, кісі өлтіргіш деп айыптап жатыр. Ал нағыз кінәлілер әлі күнге еркіндікте жүр.

IWPR: Өзбек билігі ел аумағында жүрген қырғызстандық босқындарға қалай қарауда?

Карабаев: Жергілікті билік бізге көмек көрсетіп жатқан жоқ. Осы жақында біз, босқындардың түгі жоқ болғандықтан, дәрі-дәрмекпен, азық-түлікпен және жылы киіммен қамтамасыз ету туралы өтінішпен Ташкенттегі Жарты Ай халықаралық өкілеттілігіне шыққан болатынбыз. Біз БҰҰ, ЕҚЫҰ, ЕК, тағы басқа шетелдік құрылымдардың өкілеттіліктерімен кездестік, өз қиындықтарымыз туралы айттық, алайда мәселе әлі шешілген жоқ. Біз не істерімізді білмей отырмыз.

Аталған мақала National Endowment for Democracy қоры қаржыландыратын «Орталық Азияның жаңалықтар топтамасы» жобасының аясында дайындалды.

АРНАЙЫ РЕПОРТАЖ

КЕДЕЙЛІК ҚЫРҒЫЗСТАНДА БАЛАЛАР ЕҢБЕГІН ПАЙДАЛАНУҒА СЕБЕП БОЛЫП ОТЫР



Ауыр өмір балаларды жұмыс үшін мектепті тастауға мәжбүрлеуде

«Жол, жол!» - деп айғайлап, арық келген жасөспірім көкөніс тией салынған арбасымен, Орталық Азияда орналасқан Қырғызстан астанасы Бішкектің фермерлық базарында өзіне жол салып келеді.

Жасы 15-тегі Нурлан өз ісін жақсы білетін сияқты. Олай деуге де болады, себебі оның арбамен жүк тасып жүргеніне екі жыл болды.

Ол таңғы бесте тұрады, бір сағаттан кейін, жалға арба алып, жұмысын бастайды. Нурлан салмағы 100 кг-ға жететін тауарды базар сөрелерінен сатып алушылардың көліктеріне дейін жеткізеді, ал кейде 20 минуттық жерде орналасқан екінші базарға да жүк тасиды.

Жыл маусымына байланысты бұл базарда 150-ден 200-ге дейін жасөспірім арбакеш (жүк тасушылар) болып жұмыс істейді. Мұндай жағдайды бүкіл Қырғызстанның базарларынан көруге болады. Жоғарыда айтылған базардағы ең жас арбакештің жасы 14-те болса, басқа базарларды жасы 10-нан төмен балалар да жүк тасушы болып, күн көруде.

Нурланның оқиғасының аса ерекшелігі жоқ. Әкесі ішімдікке салынған соң, анасы Кенже балаларын алып (үлкені осы Нурлан), күйеуінен кетуге мәжбүр болған. Екі жыл бұрын бұл отбасы Чу облысындағы ауылдан күнкөрістерін жақсарту мақсатымен астанаға көшіп келген.

«Мен анаммен және бауырларыммен Бішкекке көшіп келгенде, бірден жұмыс іздей бастадым. Анама қатты көмектескім келді. Ағам көкөніс базарында арбакеш болып істеуді ұсынды, мұнда жігіттердің жақсы ақша табатынын

айтты. Әрине, ол жұмыстың қиын екендігін айтқан болатын, бірақ мен келістім, себебі маған ақша табу керек еді», - деп еске алады Нурлан.

Нурлан жұмысының ауыр екенін мойындайды. Ол базардағы адамдардың өзіне жақтырмай қарайтындықтарын айтады.

«Арбакеш болып жұмыс істегелі бері мен өзіме жұмыс күші – есек секілді қарайтынына үйрене бастадым, тапсырыс берушілердің бұйрық берген айқайларын да көтеретін болдым. Бұл жағдайдан шығып, ақша жинап, білім алып, басқа жұмыс тапқым келеді, алайда әзірге осыған көндігуге тура келіп тұр», - дейді ол.

Қазір Нурлан орта мектептің сегізінші сыныбында оқуы тиіс, алайда бір жыл бұрын, күнұзақ жұмыс істеу үшін ол мектепті тастап кеткен болатын. Сабағын жалғастырғысы-ақ келеді, алайда жақын арада жағдайдың өзгере қоймасын да түсінеді.

Нурланның отбасы ол табатын 5-10 долларға тәуелді. Шешесінің базарда тамақ сатуынан түскен табысты қоса есептегенде, отбасының айлық кірісі 175 долларға тең, оның 55-і пәтерақыға кетеді.

Кенже баласын мектепке жібере алмайтынына өкініш білдіріп отыр, алайда күйеуі «ішіп, балаларды ұратын» ауылға қайта оралмайтындығын айтады.

«Мұнда біз кедейліктің құрсауынан шыға аламыз», - дейді ол. Осы сұхбатты берген соң, біраз уақыттан кейін ол жалақысы жоғарырақ жерге тігінші болып орналасты, бұл отбасының материалдық жағдайын біршама өзгертті.

ӨЗЕКТІ СҰХБАТ

ОН БАЛАНЫҢ ТӨРТЕУІ ЖҰМЫСТА

Жұмысқа жегілген балалардың саны туралы толық ақпарат әлі күнге жоқ. Қолда бар жалғыз мәлімет – 2007 жылдың ақпараты. Бұл статистикаға сәйкес, Қырғызстандағы балалардың 40%-ы белгілі бір дәрежеде жұмыс істейді. Алайда бұл мәліметте балалардың қанша пайызы мектепке барып, толық емес жұмыс күніне ие екендігі анық емес.

«Эл Пикир» қоғамдық пікірді зерттеу орталығының ЮНИСЕФ-пен біріге отырып жасаған зерттеуіне қарағанда, 40 мыңға жуық бала (бұл мектепке бармаған балалардың төрт пайызы) 2007 жылы тұрақты түрде не мүлде мектепке бармаған. Бірқатар ҮЕҰ-дар іс жүзіндегі көрсеткіш бұдан үш есе көп, яғни балалардың 14%-ы білім алмайды деп санайды.

Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) бiшкектік өкiлдiгiнде IWPR-ға бiрқатар ҮЕҰ жинаған ақпарат бойынша мектепке 120 мың бала бармайтындығы туралы мәлімет берді. Бұл «Эл пикир» берген көрсеткіштен үш есе көп.

«Қырғызстанда жұмыс істейтін балалар туралы ресми статистика жоқ. Осы мәселеге қатысы бар көптеген жетекшілер (мәселен, облыстық білім басқармасының бастығы) шындық негізіндегі көрсеткішті бермейді, себебі жұмысынан айрылып қаламын ба деп қорқады. Сондықтан мұндай балаларды ешкім санаған жоқ», - дейді парламенттің жаңа мүшесі, бұрын білім министрінің орынбасары болған Ирина Карамушкина.

Қырғызстан Конституциясы бала еңбегіне тыйым салады. Мемлекет осы мәселеге қатысты бірқатар құжаттарды ратификациялады, олар: БҰҰ-ның балалар құқығы бойынша Конвенциясы, ХЕҰ-ның жұмысқа қабылдаудағы ең төменгі жас көрсеткіші бойынша Конвенциясы, сонымен қатар ХЕҰ-ның балалар еңбегінің ең сорақы түрлеріне тыйым салу және жедел шаралар қолдану бойынша Конвенциясы.

Ұлттық заңнамада жұмыс берушінің жасы 16-дан төмен азаматтарды жұмысқа қабылдай алмайтындығы, тек ерекше жағдайларда ғана бұл көрсеткіш 15 жасқа шегерілетіні жайында анық жазылған.

Мәселе балалардың ересектермен қатар көлеңкелі экономикада, жасырын түрде жұмыс істейтіндігінде болып тұр. Оларға үлкендерге қарағанда ақша аз төленеді, балалар өз құқықтарын білмегендіктен, олармен жұмыс істеу оңайырақ.

«Базарларда жұмыс істейтін бала-арбақештер оларды жалдаушылармен еңбек келісімне отырмайды, тек ауысша келісім негізінде ғана жұмыс істейді, себебі заң бала еңбегіне, әсіресе оның ауыр түріне тыйым салады, себебі бала мұндай жұмыста ауыр заттарды тасиды», - дейді Қырғызстандағы ХЕҰ өкілі Амина Курбанова IWPR-мен болған әңгімеде.

Балалар жасайтын басқа жұмыстарға қоқыс жинау, базарда зат сату және көлік жуу жатады. Курбанов айтып кеткендей, кейбір алаңдатарлық жағдайларда балалар көмір өндіру, уран орындарында металл іздеу секілді қауіпті жұмыстарға жегіледі.

БАЛАЛАР ЕҢБЕГІ АУЫЛДЫҚ ЖЕРГЕ ТӨН

Құқықорғау органдарына жұмыс істеу қиынға соғатын, балалар еңбегін пайдаланатын негізгі салалардың бірі

– ауыл шарушылығы. Баланың ата-анасы тапсырған жұмысты атқарып жатқанын әлде сағаттар бойы тұрақты түрде ауыр жұмысқа жегілгенін дөп басып айту қиын.

Карамушкина кейбір балалар ата-аналарына көмектескісі келеді, ал енді біреулері «мектепке барып, сабақ оқығысы келсе де, әке-шешелері күштеп жұмысқа салады» дейді.

Карамушкинаның айтып кеткеніндей, Қырғызстан Кеңес Одағының құрамына кіріп тұрған кезде-ақ балалар бейресми түрде жұмыс істеген. Олар әсіресе көмек аса қажет мемлекеттік мақта және темекі плантацияларында еңбекпен айналысқан.

Зейнеткер мұғалім Кокуш Сагыналиева ауыр өмір жағдайы балалар еңбегіне деген көзқарасты жағымсыз бағытта өзгерткен деп санайды.

«Бұрын бала ата-анасына, туыстарына көмектесе отырып, өзіне қажетті өмірлік тәжірибе алушы еді. Бала еңбегін үлкендер қолдап отыратын, алайда көмек пен пайдаланудың айырмашылығы бар емес пе? Өкінішке орай, соңғы жылдары...жаппай халықтың кедейленуі байқалады, ересектердің санасынан жоғарыдағы жайттар өше бастады. Қазір балаларды құл ретінде пайдаланады десе де болады. Кім кінәлі? Мемлекет пе? Ата-аналар ма? Балалар еңбегін пайдаланатындар ма? Осы аталғандардың бәрі кінәлі секілді», - дейді ол, баланың үй жұмысына жұмсалғаны бұрын қалыпты іс болап саналғанын еске алып.

Қырғызстанның солтүстігіндегі Талас облысы Кен-арал ауылынан шыққан 15 жасар Нурболсун – ауылдық жерге тән жасөспірім-жұмыскерлердің бірі. Әдетте ол мектептен қалмайды, алайда күзгі және көктемгі алқап жұмыстары кезінде сабақтарын толықтай дерлік жіберіп алады.

«Күзде және көктемде менің сыныптастарымның бәрі алқаптан шықпайды», - дейді ол. Нурболсунның айтуынша, бұл уақытта тіпті мұғалімдердің өзі де мектепке бармайды.

Нурболсун өз отбасының иелігінде болып табылатын жер алқабында жұмыс істейді. Ол жерде олар отбасының негізгі табысы болып саналатын бұршақ егеді. Бұдан бөлек жасөспірім малға қарап, картоп егумен де айналысады.

«Мен кішкентай кезімнен, 7-8 жасымнан бері алқапта жұмыс жасап келемін. Қазір барлық шаруашылық менің мойнымда. Сабаққа бармаймын, уақыт жоқ», - дейді ол.

Нурболсунның білімді отбасынан шыққанын айта кету керек. Оның әкесі – дипломды экономист, алайда мамандығы бойынша жұмысқа тұра алмағандықтан, алқапта жұмыс істеуге мәжбүр. Анасы – бастауыш сыныптардың оқытушысы, ал бұл жұмыс көп ақша әкелмейді. Отбасында бұлардан бөлек бес бала мен аз ғана зейнетақы алып отырған әжелері бар.

Нурболсунның марқұм атасы мектеп директоры болып қызмет істеген екен, кезінде жасөспірімнің өзі де ата жолымен кеткісі келген-ді. Мектепте оқыған өзіне ұнаған еді, ол білімінің толық болмайтынын біледі. Нурболсун кафе немесе жалға жер беру секілді шағын кәсіпкерлікпен есейген кезінде айналыспақ.

Сарапшылар мектепке балалардың бармауы білімі төмен ұрпақтың өсуіне әкеліп соғады, сауаттылықты төмендетеді, ал бұл адамдардың кедейліктен шығуына кедергі болады дейді.

«Бақылаусыз кеткен еңбек практикасы білім деңгейіне кері әсерін тигізеді, ал жекелеген жағдайда балалардың денсаулығына келетін зияны да бар», - дейді тәуелсіз құқықорғаушы Елена Воронина.

АРНАЙЫ РЕПОРТАЖ



БҰРЫНҒЫ БИЛІКТІҢ ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕРГЕ ЖҰМСАҚ ҚАРАУЫ

Қазіргі күні балалар еңбегіне қатысты жұмыстың ауқымды бөлігін үкіметтік емес ұйымдар атқарып жатыр. Алайда, сарапшылар мәселенің шешімін табу мемлекеттік мекемелердің қажыр-қайраты мен ата-аналардың ерікті түрдегі көмегіне және күштеп жұмысқа жегудің айырмашылығын түсінуіне байланысты екенін айтып отыр.

Карамушкинаның сөзіне қарағанда, ауыл шаруашылығы саласындағы балалар еңбегі мәселесінің күрделі екендігі соншалық, қажетті заңдарды қабылдау кезінде саяси ерік-жігер әлсіреп сала береді. Жергілікті биліктің фермерлік шарушылықтар мен өзге де бизнес көздеріне қысым жасауға батылы бара қоймайды, ал олар өз кезегінде арзан еңбек күшін пайдалануға мүдделі.

«Қарар қабылдауға ешкімнің батылы бармайды, себебі бұл құжат қандай да бір қадамдарға баруды міндеттейді», - дейді ол.

Еңбекпен қамту және миграция министрлігінің жанындағы жастар еңбек биржасының жетекшісі Азиз Ахмедов балалар еңбегін пайдаланатын жұмыс берушілерді

жауапқа тартудың тек бірді-екілі мысалдары ғана бар дейді.

«Қазір түрлі мемлекеттік инспекциялар шығып жатыр, алайда елдегі базарлар мен экономиканың басқа да салаларында балалар жұмыстың үлкен бөлігін істеуде, олар бала ағзасына сай келмейтін жүк тасиды, ал мұның бәрі үшін жауапқа тартылып жатқан ешкім жоқ», - дейді Ахмедов.

Аты-жөнін атамауды сұраған жастар ұйымының мүшесі жемқорлықтың жайлап алғаны соншалықты, жазадан қашып құтылу оп-оңай дейді.

«Тіпті жұмыс берушіге тексерумен келген күннің өзінде, ол пара беріп «аман қалады», - дейді ол.

Карамушкинаның сөзіне қарағанда, бірқатар мемлекеттік мекемелердің, атап айтсақ, Денсаулық сақтау министрлігінің, Жастар ісі бойынша министрліктің, Еңбекпен қамту және миграция министрлігінің жанындағы Балаларды қорғау департаментінің аталған мәселеге назар аударғаны қажет. Ол департамент тиімсіз түрде жұмыс істеуде, олар «дөңгелек үстелдерге барады да, құрғақ сөзден аспайтын нәтижемен қайтады» дейді.

Карамушкина қазір қалыптасып жатқан жаңа үкімет бала еңбегін күн тәртібіне міндетті түрде шығарады дейді және Балаларды қорғау департаменті өз міндеттерін атқармаса, ол өзінің парламенттегі жағдайын ҚР Президентінің жанынан балалар құқығы бойынша жаңа лауазым – арнайы өкілдің тағайындалуына қатысты қолданатынын ескертті.

Карамушкинаның сөзіне қарағанда, ауылшаруашылық циклінің жанып тұрған шағында жұмыс күшінің жетіспеушілігі мәселесін ЖОО және училищелердің студенттерін уақытша жұмысқа тарту әдісі арқылы шешуге болады.

«Әділет» құқықтық клиникасының басшысы Чолпон Жакупова үшін балалардың мектепке бару-бармауы анықтаушы фактордың рөлін ойнайды.

«Тегін бастауыш мектепте оқу баланың құқығы ғана емес, ол тағы да міндеті. Ал олардың заң алдындағы міндеттерін орындауыан кедергі келтіріп отырғандар өздері заң бұзып отыр және ол үшін олар жауап берулері керек», - дейді ол.

Алайда мұндай жағдайға себеп болып отырған фактор – кедейлік мәселесін Қырғызстан билігі ә дегеннен-ақ шешіп тастай алмас. Ұзаққа созылған экономикалық дағдарыс кезеңінде, жаңа үкімет маусым айында зардап шеккен Қырғызстанның оңтүстігін қалпына келтіруге қосымша шығындар шығаруда.

Сұхбатқа қатысқандардың кейбірінің есімі өзгертіліп алынды. ●

Асыл Осмоналиева және Гульзат Абдурасулова,
IWPR тренингтерінен өткен Қырғызстан журналистері.

ҚАЗАҚСТАН

ӨЗБЕК БОСҚЫНДАРЫ ҚАЗАҚСТАННАН ДЕПОРТАЦИЯЛАНУДЫҢ АЗ-АҚ АЛДЫНДА



Андрей Гришин, Қазақстандық адам құқықтары және заңдылықты сақтау жөніндегі халықаралық бюроның қызметкері

Қазақстан билігі ратификацияланған халықаралық стандарттарға қарамастан, босқындарға қатысты жаңа заңды қолдануда.

Өзбекстандық босқындар тобы Қазақстанда жаңа заң мен ережелердің қабылдануына байланысты қайта депортацияланудың аз-ақ алдында тұр. Қабылданған заң мен ережелер Қазақстан қабылдаған босқындар ісіне байланысты халықаралық міндеттемелерден жоғары тұрған тәрізді.

Құқықорғаушылар баспана алуға тырысып жүрген босқындар Өзбекстанға қайта оралса, олар ол елде тұтқындалып, азаптауларға ұшырауы мүмкін деп қауіптерін білдіріп отыр.

Осы жылдың маусым айында Ішкі істер департаментінің заңсыз мигранттарды ұстау мақсатында жүргізген рейді нәтижесінде ұсталған 45 адамның арасында Қазақстаннан босқын дәрежесін аламын деп келген Өзбекстанның 29 азаматы да бар.

Олардың 15 тергеу нәтижесінде бостандыққа шықты, ал қалған 30-ы тергеу изоляторында отыр, себебі Өзбекстан билігі оларға қатысты экстрадациялауды талап етті.

Өзбекстан билігі оларды лаңкестік, діни экстремизм және тыйым салынған исламдық ұйымға мүше болу секілді бірқатар заң бұзушылықтармен айыптап отыр. Аталған айыптаулардың бәрін ұсталғандар мойындамауда.

Ұсталған 30 адамның 17-сінде БҰҰ-ның босқындар ісі бойынша Жоғарғы комиссары басқармасының (БҰҰ БЖКБ) баспана іздеу үстіндегі тұлға екендіктерін айғақтайтын сертификаттары бар.

Алайда, қаңтар айынан бастап Қазақстанда жаңа заң күшіне енгелі бері, баспана беру туралы өтініш, мейлі ел билігі, мейлі БҰҰ БЖКБ берсін, босқын статусын беру не

бермеу туралы шешім қабылдайтын арнайы комиссияның қарауына жіберіледі.

Тамыз айында комиссия аталған 30 адамның ісін қарастырып, бәріне бірдей босқын мәртебесін бермеу туралы шешім қабылдады. Бір босқыннан басқасынан бәрі комиссия шешіміне байланысты сотқа шағымданбақ.

Қалыс қалған Өзбекстан емес, Қырғызстан азаматы болып табылатын этникалық өзбек Хуршед Камиров Қазақстан билігіне баспана алу туралы өтініш берген жоқ, ал тамыз айында БҰҰ БЖКБ оны босқын мәртебесінен айырды.

Осы себепті Камировтың қорғаушысы сот шешіміне байланысты шағым жасай алған жоқ, ал экстрадациялау туралы шешім күшіне енді. 8 қыркүйек күні Камиров Өзбекстанға жөнелтілді.

Қазақстанның Баспрокуратурасының неге азаматтығы бойынша емес, Өзбекстанға депортацияланғаны жайлы түсініктеме беруден бас тартты (Камиров туралы толығырақ Қазақстан-Өзбекстан: экстрадацияланған Камиров туралы ақпараттың жоқтығы мақаласынан оқи аласыздар).

Алматы қаласының Миграция бойынша департаментінің директоры Гүлсара Алтынбекова IWPR-ға комиссияның баспана бермеу туралы шешімді неліктен қабылдағаны жайлы айтып берді. «Біз оларды босқын деп тани алмаймыз, себебі олардың өз елдерінде түрлі діни және экстремистік ұйымдарға қатысы болған», - дейді ол.

Шағымдар қарастырылып болған соң, тұтқында отырған 29 адамның бәрі Өзбекстанға депортацияланады.

Қазақстандық адам құқықтары және заңдылықты сақтау жөніндегі халықаралық бюроның заңгері Денис Дживагидың сөзіне қарағанда, соттың комиссия шешімін жоққа шығаруы екіталай.

ҚАЗАҚСТАН



Қазақстан босқындар ісін қарастыруда өз заңын басшылыққа алғанымен, мемлекет БҰҰ-ның азаптауға қарсы Конвенциясын ратификациялаған болатын, ал бұл елге белгілі бір міндеттемелер жүктейді. Жекелеп алғанда, Қазақстан «тұлға азапталуы мүмкін деген айтарлықтай қауіп болған жағдайда», тұлғаны сол елге депортацияламауға және экстрадицияламауға міндетті.

Осы жылдың наурызында өзбек белсенділерінің БҰҰ-на берген есептері мен БҰҰ-ның азаптауға қарсы Комитетінің есебінде, ұсталғандарға қатысты Өзбекстанда азаптаудың қолданылуы мүмкін деген айтарлықтай қауіп бар екені көрсетілген.

Женевада орналасқан БҰҰ БЖКБ-ның байланыс бойынша маманы Бабар Балох IWPR-ға Қазақстанның босқындармен жұмыс процедураларына енгізілген өзгерістеріне қарамастан, экстрадицияға қарсы қорғаныс механизмдері күшінде қалатынын айтып берді.

«2010 жылы қаңтарда күшіне енген Қазақстанның босқындар туралы жаңа заңы босқын мәртебесін анықтау міндетін өз мойнына алды. Адам құқықтары бойынша халықаралық заңға сәйкес тұлға, босқын болып танылса да, танылмаса да, белгілі бір жағдайларда экстрадициядан қорғану құқығына ие», - дейді ол.

Қазақстандық және шетелдік құқыққорғаушылар босқындар туралы заңның кейбір тұсы түсініксіз және өзбек билігінің комиссияға ұсынған дәлелдерді қабылдауы комиссия шешіміне деген күмән тудырып отыр дейді.

БҰҰ-ның босқындар мәртебесі туралы Конвенциясына сәйкес, Қазақстан заңында егер босқындардың өміріне қауіп төнсе не оларды діни ұстанымына және саяси көзқарастарына байланысты қысым жасалуы мүмкін болса, оларды экстрадициялауға не депортациялауға тыйым салынады деп көрсетілген. Алайда өтініш бергендер «тыйым салынған ұйымға» мүше болды деп айыпталса, оларға ба-спана берілмейді деп те айтылған. Ал жоғарыдағы ұйымға Қазақстанда тыйым салынғаны я өзге мемлекетте тыйым салынғаны туралы заң тұсы айқын емес.

Адам құқықтары бойынша халықаралық федерацияның (FIDH) төрайымы Кэтрин Бут тұлғаға оның елінде тыйым салынған ұйымға мүше болғандығы үшін босқын мәртебесін беруден бас тарту босқындар туралы Конвенцияға қарама-қайшы дейді.

«Олардың [тыйым салынған] діни ұйымға мүше болуы қолдан жасалған немесе дәлелденбеген болуы



Суретте: Швецияда өткен өзбек босқындарын қолдауға арналған пикет

мүмкін, ал бұл діни мақсатта қудалау болып табылады», - дейді Бут.

Қазақстандық комиссия босқындардың экстрадициялануын талап етіп отырған ел – Өзбекстан ұсынған дәлелдерді негізге алған секілді. Бұл әр жағдайда мәлімет іздеуде бірнеше ақпарат көзін пайдалануды қош көретін БҰҰ БЖКБ тәжірибесінен айтарлықтай ауытқу болып табылады.

Аты-жөнін атамауды жөн көрген, Қазақстанның миграциялық полициясында қызмет істейтін прокурор мемлекеттік органдар өзге елдердегі әріптестерімен тізе қосып жұмыс істеулері қажет дейді, алайда ол мұндай жағдайдың белгілі бір дәрежеде өздерін шектейтінін айтады.

ҚАЗАҚСТАН / ҚЫРҒЫЗСТАН

«Біз тұлғаның қылмыстық іс жасады деп тағылып отырған айыбының әділ екеніне көз жеткізе алмаймыз, оған құқығымыз да, мүмкіндігіміз де жоқ. Біз қалай бар, солай қабылдауға мәжбүрміз», - деді ол IWPR-ға.

Дживага қазақстандық комиссияны кінәламау керек дейді, себебі олар қазіргі заң бойынша жұмыс істеп отыр. Керісінше, мұндай заңнама Қазақстан мойнына алған халықаралық міндеттемелерді орындаудағы ел билігінің ерік-жігерінің жоқтығын одан әрі күрделендіріп жіберіп отыр дейді ол.

Заңның мақсаты мемлекеттегі босқындар жағдайын ел қол қойған босқындар туралы Конвенциямен сәйкесе отырып шешу болған еді, алайда ол кері әсерін тигізіп жатыр деген қауіп бар, қазір ел екіжақты және аймақтық депортацияны басқару мәселесіне баса назар адарып, халықаралық міндеттемелерді орындауға асығар емес.

«Біздің ел үшін халықаралық міндеттемелерден де аймақтық келісімдердің маңыздырақ екені анық», - дейді Дживага.с

Андрей Гришин, Қазақстандық адам құқықтары және заңдылықты сақтау жөніндегі халықаралық бюроның қызметкері

ҚЫРҒЫЗСТАН

ҚЫРҒЫЗСТАНДАҒЫ ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ РЕЦИДИВТЕРДІҢ САНЫН ҚАЛАЙ АЗАЙТУҒА БОЛАДЫ



Вознесеновкадағы колонияның ішкі ауласындағы жазба.

Сурет: Е. Воронинанкі.

Елде жас қылмыскерлердің бостандыққа шыққаннан кейінгі жай-күйіне болысар бұрынғыдан да ауқымды шаралар қажет.

Қырғызстан билігі кәмелеттік жасқа толмаған қылмыскерлердің күзетке алыну жүйесін, олар бостандыққа шыққан соң қолдау көрсету үшін, мұқият зерттеу керек дейді сарапшылар.

Кәмелеттік жасқа толмаған қылмыскерлерге арналған ерлер колониясындағы тұтқындар негізгі мектеп білімін ала-

ды. Колониялар жанындағы кәсіби-техникалық білім беру, әлеуметтік бейімделу бағдарламалары енді-енді күшіне еніп, жарыққа шығып келеді. Жаза мерзімін өтеп болып, бостандыққа шыққан жандар олардың қылмыс өлеміне қайта бой ұрмас үшін жасалынатын шараларға кезіге алмай отыр. Тіпті оларға жұмыс тауып беру және қоғамға қайта

ҚЫРҒЫЗСТАН

ендіру үшін жасалынған қадамдар да көңіл қуантарлықтай емес.

Қырғызстанда жасы 14-18 аралығындағы (14 жастан бастап Қырғызстанда қылмыстық жауапкершілікке тартылу қарастырылған) ер жынысындағы кәмелеттік жасқа толмаған қылмыскерлерге арналған бір ғана мекеме бар. Бішкектен 70 шақырым жерде орналасқан Вознесенка ауылындағы колонияда 69 жасөспірім жазасын өтеп жатыр. Олардың көпшілігі жеңіл қылмыс бойынша сотталғандар.

Колонияның сырты тікенек сымды қоршаумен қоршалған, жасөспірімдер онда тор терезелі барақтарда өмір сүреді, мекеме аумағында мектеп және футбол алаңы бар. Колония да Қырғызстанның өзге түзету мекемелері кезігіп отырған қиындықтарды басынан кешіруде: ғимараттардың біразында жылу жоқ, азық-түлік жетіспейді, жасөспірімдерге қажет қысқы аяқ киімнен де таршылық көріп отыр.

14 пен 18 аралығындағы қыз балаларға арналған мұндай колония елде жоқ. Ондай мекеме ашу мәселесі биліктің жоспарында да кездеспейді. Жасөспірім қыздар елдің солтүстігіндегі Чу облысында орналасқан Степное ауылындағы әйелдер түрмесінде жазаларын өтейді. Әзірге ол жерде ауыр қылмыс жасады деген айыппен төрт қыз отыр: олар мектеп білімін ала алмайды, алайда шаштараз секілді қосымша кәсіптерді меңгере алады. Жеңіл қылмыс бойынша айыпталған жасөспірім қыздар әдетте шартты немесе балама жазамен құтылады.

14 жастан төмен жасөспірім қылмыскерлер қамауға алынбайды, оларға жергілікті әкімшіліктің әлеуметтік жұмыстары жүктеледі. Бұрындары осы категорияның адамдары үшін арнайы мектеп болған-ды, алайда бес жыл бұрын аталған мектепте балаларға деген бұрыс қарым-қатынас бар деп мәлімдеген қырғызстандық ҰЕҰ-дың талабы бойынша жабылды.

Заңға қайшы тірлік істеген балалармен жұмыс жасайтын «Эгль» қоғамдық қорының директоры Чолпон Омурканова жас қылмыскерлермен жұмыс, олар тұтқында отырған кезде-ақ басталуы тиіс деп есептейді. Вознесенкадағы колониядан ай сайын бостандыққа шығатын он баланың төртеуі не бесеуі жаңа қылмыс жасап қайта оралатын көрінеді.

Омурканованың сөзіне қарағанда жасөспірімдерге бостандықтағы өмірге бейімделу үшін арнайы бағдарлама-лар керек.

«Оларды дайындау керек, бостандыққа шыққан адам өмірден өз орнын тауып, ары қарай не істейтінін білуі қажет», - дейді ол.

Омурканованың ҰЕҰ-ы осы жылдың соңында Вознесенкадағы колонияның базасында ашылатын Қырғызстандағы тұңғыш жасөспірімдерге арналған реабилитациялық орталықтың құрылуы үшін жұмыстар атқарып жатыр. Жобаны колония әкімшілігі DanChurchAid даниялық гуманитарлық ұйымымен бірлесе отырып жүзеге асыруда.

Балалар құқығы саласында жүрген көптеген құқықорғаушылар елде пенитенциарлы жүйеден бөлек, енді бостандыққа шыққан жас қылмыскерлермен жұмыс істеп, оларға баспана және жұмыс мәселелерінде көмек көрсететін реабилитациялық орталықтар құруды қолдауда.

Олардың арасында ҚР Еңбекпен қамтамасыздандыру және миграция министрлігінің жанындағы Балаларды қорғау департаментінің бас маманы Темірбек кызы Махабат та бар. Ол Қырғызстанда жасөспірім қылмыскерлермен

жүргізілетін жұмыс жүйесін жетілдіру керек дегенмен келісіп отыр.

«Қырғызстанда осындай [мемлекеттік] реабилитациялық технологиялары мен тәрбиелік механизмдері бар әлеуметтік қызметтердің болғаны маңызды, олар кәмелеттік жасқа толмаған заң бұзушыға процесс субъектісі, ал оның қылмысына ауру белгісі ретінде қарап, сол ауруды «емдеуге» тырысар еді», - дейді олар.

Ол министрліктің осындай орталықтарды құруға қызығушылық танытқан кез-келген ҰЕҰ-мен жұмыс істеуге әзір екендігін жеткізді және мұндай ҰЕҰ-дардың аталған қызметтерді жүзеге асыру үшін мемлекет қаржыландыратын келісім-шарттарға үміт арта алатынын да айтып өтті.

«Шартты жаза алғандар мен колониядан шыққандарға арналған әлеуметтік [реабилитациялық] орталықтар әзірге өкінішке орай елде жоқ», - деді Темірбек кызы.

Соңғы үш жыл ішінде жасөспірім қылмыскерлермен жұмыс жүргізуге арналған қаржыны алу үшін тек екі үкіметтік емес ұйым ғана өтініш білдірген. Келісім-шартқа қол жеткізген ҰЕҰ-дар бостандыққа шыққан кәмелеттік жасқа толмаған тұтқындарға құжаттарды толтыру бойынша заңдық кеңестер беріп, жұмыс және баспана табуда қолдау білдірген.

«Бірақ жасөспірімнің қалыпты өмірге оралуы үшін мұндай істер жеткіліксіз. Тек мемлекеттің немесе тек ҰЕҰ-ның атқарған жұмысы барлығын қамти алмайды. Мұндай мәселеге бірлесе отырып назар аударып, балалықты қорғаудың жалпы саясатына осындай қадамның үйлесе кетуі орын алған елдердегі халықаралық ұйымдарды да тарту керек», - Темірбек кызы.

Жасөспірім заң бұзушылармен жұмыс жасайтын сарапшылар білім алуға көмек көрсетіп, қолдау білдіру реабилитациялық процестің негізгі тұсы дегенмен келісіп отыр.

Вознесенкадағы колонияның өз мектебі бар, ол жұмысында мемлекеттік стандартты және жасөспірімдерге білім алуға айтарлықтай көмек болатын қосымша оқыту бағдарламаларын пайдаланады.

«Бізге келген кейбір тұтқындар әріп танымай жатады. Бостандықта олар білім емес, басқа іспен айналысқан болатын», - дейді кәмелеттік жасқа толмағандарға арналған ерлер колониясының басшысы Кураман Назарбеков.

Ол кейде жасөспірімдердің қажетті білім алып, бостандыққа шыққан соң, жоғарғы оқу орнына түсіп жататынын айтып кетті. «Олар отбасын құрды, жұмыс істейді, бала өсіруде. Біз мұндай адамдармен мақтанамыз», - дейді Назарбеков.

Колония жанындағы мектеп директоры Валентина Герасченко оқушылардың көпшілігінің мектеп бағдарламасынан 4-6 жыл артта келетінін жеткізді. «Олардың оқуға, мектепке деген қызығушылықтары жоғалған. Оның үстіне колонияда өткізетін мерзімдері де маңызды рөл ойнайды. Кейбірі он сегіз жасқа осында отырып, кейін оларды ересектерге арналған колонияға аударады, енді біреулері уақытынан бұрын босанады, бірақ оның бостандықта толыққанды білім алу мүмкіндігі жоқ», - дейді ол.

Колонияны өз көзімен көрген IWPR контрибьюторы ол жердегі білім алуға деген жағдайдың жетісіп тұрмағандығы жайында айтып берді: кішкентай балаларға арналған ескі парталар мен орындықтар, жөндеу жұмыстарын да арнайы мамандар жасамаған. Мұғалімдер оқулықтардың, географиялық карталардың және жазу құралдарының жетіспейтігін айтып, мұндарын шағуда.

ҚЫРҒЫЗСТАН

Сабақ тек орыс тілінде өтеді, себебі қырғыз тіліндегі оқулықтар өте сирек кездеседі. Бұл ауылдық жерде өскен және көршілес Тәжікстан мен Өзбекстаннан келген жасөспірімдер үшін айтарлықтай қиындық туғызуда.

Мектептегі ұстаздар саны 10 адам, олар кедергілерге қарамастан өз ісін қолдан келгенше жасауда.

«Біз үшін олар – балалар. Әрқайсысының өз қабілеті, кейбірінің таланты бар. Осы жердің өзінде олардың көпшілігі мүмкіндіктерін ашып үлгерді. Біздің мақсатымыз – әр жасөспірімге, мейлі жолдан тайсын, мейлі заң бұзсын, алдында үмітті болашағы бар екенін жеткізу», - дейді Герашенко.

Ол мұғалімдердің қолында бар дүние бұдан да молырақ болса, сабақтар қызығырақ өтер еді дейді. Аудандық білім орталығының қызметкерлері мен жақын маңдағы ауыл мектептерінің мұғалімдерінің арқасында колония мектебінде бірнеше ескі оқулық пен аздаған таратпа материалды бар екенін айта кеткен жөн.

Колония тұрғындарының бірі мектептің оған бостандыққа шыққан соң компьютер маманы болуға мүмкіндік бергенін айтады.

«Олардың біздің көп нәрсені білмейтінімізді түсінеді және осы олқылықтың орнын толтыруға тырысады. Бұл жерде мен өз артықшылықтарымды біліп, мақтаныш сезімі оянды: ия, мен жақсы оқи алады екенмін. Біздің мектеп қатардағы мектептерден бірде кем емес. Бірақ жаңа оқулықтар мен компьютерлер болса қатып кетер еді», - дейді ол.

Жасы қазір жиырмаға келген бұрынғы тұтқын Кирилдің оқиғасын сәтті деп сипаттаса да болады. Төрт жыл мерзімді жазаны Вознесеновка колониясында өтеген ол, екі жыл бұрын бостандыққа шыққан. Бішкектегі кәсіби-техникалық лицейлердің бірінен ағаш ұстасына маманданып шығып, Кирилл қазір жиһаз жасайтын коммерциялық фирмада жалақысы жақсы қызмет істейді. Компания директоры оның сотталғанына қарамастан жұмысқа алған екен.

«Мен өткенімді ұмытуға тырысамын. Қазір менің білімім, жұмысым бар. Өз үйімді салсам ба деп армандап жүрмін», - дейді ол.

Кирилдың оқиғасы Вознесеновкадағы колониядан өткен жастардың басындағы қалыпты жағдай. Ол 12 жасында өгей әкесі ұрып-соққан соң, үйінен қашып кеткен, бір уақ көшеде өмір сүріп, ара-тұра милицияға түсіп отырған.

«Тамақ табу үшін, ұрлыққа бардым, ұрлағанымды саттым. Жолым болып келген еді, қолға түсіп қалдым», - деп еске алады ол.

Колонияда оған өткізіп алған бір жылын қуып жетуге тура келді. «Мұғалімдерге рахмет. Олар мен үшін көп жақсылық жасады. Егер бұрынғы мектебimde осындай ұстаздар болғанда, мен колонияға түспес те едім», - дейді ол.

Колонияның көптеген қызметкерлері мен қазіргі тұтқындары секілді, Кирилл де мекемеде түрлі кәсіпке баулыса ғой деп тілейді. Өзі колонияда болған кезде, ағашпен жұмыс істеу идеясы оған түрмені шағып кітапханасында өз қолыңмен не жасауға болатындығы туралы кітапты тауып алғанда келіпті. €

Елена Воронина, IWPR тренингтеріне қатысқан бiшкектік құқыққорғаушы

ТҮСІНІКТЕМЕ. ҚЫРҒЫЗСТАНДАҒЫ ҚАЙҒЫЛЫ ЖАҒДАЙЛАРҒА БАЙЛАНЫСТЫ СОТ ПРОЦЕСТЕРІ ӘДІЛ ЖҮРГІЗІЛУІ ТИІС

Сот отырыстары біржақтылық пен қорқытып-үркітулер жағдайында өтіп жатыр.

Қазіргі уақытта Қырғызстанда жеке-жеке екі сот отырысы өтіп жатыр, олар осы жылдың алғашқы жартысында елде жүріп өткен толқулардың себебі болды. Екі процесс те бұрын-соңды болмаған ашықтық жағдайында өтуде, алайда бұл сот отырыстары саясиленген және біржақты, қажетті деңгейдегі әділдіксіз жүріп жатыр деген қауіп бар.

Қараша айының ортасынан бері ел астанасы Бішкекте бұрынғы президент Құрманбек Бәкиев әкімшілігінің мүшелерінің үстінен қозғалған сот отырыстары жүріп жатыр және ол көпшіліктің назарын өзіне аударып отыр. Әкімшілік мүшелері сәуір айында үкіметке қарсы жүрген толқулар кезінде құқыққорғау органдарына ату бұйрығын берді,

ҚЫРҒЫЗСТАН



бұйрық кем дегенде 70 адамның өмірін қиды деп айыпталып отыр. Аталған қарсылықтар Бәкиев қызметін тастап, елден кеткен соң басылған-ды.

Бұдан бөлек, қырғызстанның оңтүстігінде Ош, Жала-лабад және осы қалалардың маңында болған ұлтаралық қақтығыстарға қатысты 152 қылмыстық іс қарастырылуға дайындалып қойылды. Сол кезде, ресми деректер бойынша, 400-ден астам адам қаза тапты.

Тағы бес азамат қыркүйек айынан бері 2010 жылдың сәуірінде, Бәкиев биліктен кеткен соң болған Маевка ауылындағы оқиға кезінде үйлерді және басқа да жеке мүлікті басып алды деген айыппен қамауда отыр. Бішкекке жақын орналасқан, негізгі тұрғындары түрік-мечеттіктер, орыстар және қырғыздар болатын Маевка ауылында жерлерді басып алу әрекеті кезінде және бес адам қаза тапқан еді. Бұл іс бойынша үкім желтоқсан айының ортасында шығады деп күтілуде.

Бұл сот отырыстарының бәрі осы жылы бүкіл Қырғызстанды дүрліктірген оқиғалардың салдары болып отыр. Алайда аталған процестердің өтетін жері, уақыты және іс жүргізудің өзі, олар жайлы БАҚ-дарының ақпарат беру сипаты ел билігінің бұл сот процестерін өз мақсатында пайдаланып отыр деген қауіпті тудырып отырғаны да жоқ емес.

Сот процесстерінің өткізілуінің жағымды тұстарына тоқталсақ, оларға сот отырыстарының ашық түрде өтіп жатқанын, қоғамның бәрін өз көздерімен көре алатындығын жатқызуға болады. Қырғызстанның оңтүстігінде болған оқиғалар бойынша сот сол аймақта өтіп жатса, Бәкиев әкімшілігінің мүшелерінің үстінен қозғалған сот ісі астанадағы орталық спорт Сарайында өтуде, себебі осы ғимараттың көлемі ғана отырысқа қатысушыларды сыйғыза алды. Алайда осы жылдың 30 қарашасында аталған спорт Сарайының маңында болған

жарылыстан кейін, сот отырысының орны өзгеруі мүмкін (Оқыңыз: Қырғызстан астанасындағы жарылысқа байланысты жағдайдың өршуі).

Мұндай ашықтық пен қолжетімділікті Қырғызстанның 1991 жылы тәуелсіздік алғалы бері қол жеткізген жетістіктерінің белгісі деп білсе болады. Мұндай жағдай жиырма жыл бұрын да орын алған болатын, алайда ол кезде 1990 жылы Ош қаласында болған этникалық қақтығыстарға байланысты өткен сот отырысы жабық түрде өткен-ді.

Осылайша ашық тергеудің жүргізілуі қоғам қызығушылығын оятады, алдын-ала дайындалмаған, саясиленбаған сот процестерінен бас тарту әрекеті деп қабылданады.

Осыған қарамастан, бұл жағдайда басқаша сипаттаса да болады: билік ел халқының жаңа биліктің үмітті ақтамағанына байланысты туындатып отырған тұрақсыздығы мен көңіл толмаушылығын, осылайша басқа арнаға бұрып, қоғам назарын аударып әкетпек десек те болады.

Мұндай күдік сот тыңдауларына көлеңке түсірген процестердің тоқтауы мен қорқытып-үркітулерге байланысты тіпті де өршіп кетті. Аталған сот процестері 7 сәуір күні қаза тапқан азаматтардың туыстары мен таныстарының немесе қатысып отырған көпшіліктің ашық түрде айыпталғандар мен олардың қорғаушыларына қарсылық білдіруімен, кейде ұлттық негізде халық атынан айыпталушыларға көпшіліктің сотын жүргізіп, қатаң жазалуды сұраған қорқытып-үркітулермен жүріп жатыр.

Мұндай жанға батарлық оқиғаларды қарастыру эмоция деңгейінде өтетіні белгілі болса да, қоғамның қолжетімділігі мен белсенді тұрақсыздық арасында айырмашылық бар. Билік сот отырыстары кезінде тәртіп пен қауіпсіздікті сақтау үшін жағдай жасау құқығына ие.

Маусым оқиғаларының ұлттық сипатын айналып өтуге тырысу да алаңдаушылық туғызып отыр.

ҚЫРҒЫЗСТАН

Нью-Йоркте орналасқан Хьюман Райтс Вотч (Human Rights Watch) секілді құқыққорғаушы ұйымдар маусым айындағы оқиғалар бойынша айыпталғандардың дені этникалық өзбектер дейді. Ал елдің оңтүстігіндегі құқыққорғау органдары мен милиция қызметкерлерінің ба-сым көпшілігі – қырғыздар.

Хьюман Райтс Вотч тамыз айында қамауға алынған 243 адамның 29-ы қырғыз, ал қалған 200-ден астамы өзбек деп мәлімдеген айыптаушылардың сөзін келтіріп отыр. Қараша айында сөйлеген сөзінде ел президенті Розу Отунбаева сол сәтте Ош облысында 100 өзбек пен 9 қырғыздың, ал Жалалабад облысында 30 өзбек пен 22 қырғыздың сотталғанын айтқан болатын.

Осыған қарамастан, үкіметтік шенеуніктер тергеу және сот процестері кезінде айыпталушылардың этникалық мәртебесі рөл ойнап отырған дейді.

«Қырғызстанда оңтүстіктегі сот процестері кезінде елдің өзбектілі бөлігіне қатысты шеттетуге жол беріліп отырған жоқ», - дейді Отунбаева.

Сот отырыстары мен шығарылған үкімдердің қалыпты жағдайдан тыс өтуі айтарлықтай алаңдаушылық туғызып отыр. Дұрыс сот ісін жүргізумен қамтамасыз ете алмау болашақта қосымша қиындықтар туғызуы мүмкін. Мұндай жағдайды әлі күнге ақпараттық және саяси кеңістікте сөз қылудан қашқақтайды.

Сәуір және маусым айларында болған тәртіпсіздіктерге мыңдаған адам қатысты, ал сот алдынан ондаған айыпталушы ғана өтуде. Оның үстіне, бұл айыпталушылар тек оқиғаға қатысқандар, ал барлық жағдайда қолдарына алып, арандатып отырғандар судан ақ, сүттен таза болып отыр.

Аталған істер бойынша дұрыс қадамдарға бармау, Қырғызстандағы саяси элита мен мемлекеттік органдардың қажетті әділ сотпен және заң бұзғандарды жауапқа тартумен қамтамасыз ете алмайтындығын көрсетеді.

Осы істердің күрделі тұстарын көлеңкелей отырып, билік ел оңтүстігіндегі заң мен тәртіпті қалпына келтіру және ұлтшылдық негізіндегі түйткілді мәселелерді шешу секілді жауапты қадамдардан қашқақтап отыруы да мүмкін.

Аталған сот отырыстарының өткізілуі бұрынғы Бәкиев әкімшілігінің айыпталып отырған мүшелерімен аралас-құраластығы бар бірқатар ықпалды топтардың наразылығын тудырып отыр.

Бішкек қаласында өтіп жатқан сот отырысында айыпталып отырғандардың көпшілігі – қазір жоқ президент қауіпсіздігі Қызметінің және Ұлттық қауіпсіздік қызметі құрамына кіретін «Альфа» жоғарғы тобының бұрынғы өкілдері. Елдің оңтүстігіндегі Бәкиев режиміне қатысы бар жекелеген саясаткерлер де сот процестерінің өткізілуіне наразылық білдіруде.

Мұндай қуатты қызмет өкілдерін соттау кезінде белгілі бір қауіп туындайды, алайда әділ соттың жүргізілмеуі құқыққорғау органдарының кейбір өкілдерінің суып кетуіне себеп болады.

Қырғызстандағы кей бір адамдардың аталған сот процестерінің әділ шешім шығару үшін емес, көз қылып қана өтіп жатқанына сенуі аса таң қалдырмайды.



фото И. Коваленко

Бұл айтарлықтай қатер төндіруі мүмкін, адам құқықтары мен әділ сотты қамтамасыз ету нормаларының маңызы кеміп, қоғамның милиция мен сотқа деген сенімі азаяды, ал көпірме саясат жоғары бағаланып, ол өз кезегінде этникалық жанжалдарға алып келеді. Бұл, әрине, жағдайдың өте жағымсыз бағытта дамуы кезінде болатын дүние.

Егер мақсат адам құқықтарын, сот тәуелсіздігін және әділ соттың заңдық негізін қорғау болса, онда осы тарихи маңызы бар процестерді өткізудің қазіргі түрі, яғни қоғамдық көзқарас тұрғысынан алып жүргізу жеткіліксіз.

Мұнсыз үлкен үміттер арқалап отырған Қырғызстанның жаңа Конституциясы мен парламенттік республика айтарлықтай жарқын өзгерістер әкеле алмайды. ●

ТӘЖІКСТАН

ТӘЖІКСТАНДАҒЫ «ТАСТАНДЫ ӘЙЕЛДЕРДІҢ» ҚИЫН ЖАҒДАЙЫ



Еңбек мигранттары отбасыларымен байланыстарын үзіп, ақша жіберуді тоқтатқан кезде, олардың жанұяларына жан бағу қиынға соғады.

Жаппай еңбек миграциясына байланысты көптеген тәжікстандықтар қаржылық жағдайын жақсартып жатқан тұста, асыраушысы үйіне ақша жіберуді тоқтатқан отбасылар елдегі кедейлердің қатарына қосылуда.

Азаматтық қоғамның өкілдерінің пікірінше, күйеулері тастап кеткен әйелдердің мемлекеттен көмек алуына, өздеріне табыс көзі мен балаларды асырауға ақша төлейтін ер адам табуына қатысты шаралар қабылдануы керек.

25 қараша мен 6 желтоқсан аралығында елдің түрлі аймақтарында осындай отбасылар кез болатын мәселелерге қатысты бірқатар пікірталастар өтті. Бұл талқылауларды Миграция бойынша халықаралық ұйым (МХҰ), БҰҰ-ның әйелдер қоры (UNIFEM), Тәжікстандағы әріптестік Қоры – «Ашық қоғам» Институты және IWPR ұйымдастырды. Шара қорытындылары бойынша Тәжікстандағы мигранттар отбасыларының құқығы мен мүдделерін қорғайтын ұсыныстар дайындалмақ.

36 жастағы Фарзона Юсупованы шет ел асып кеткен жолдасы тастап кеткен екен. Үш баласы мен тату-тәтті қарым-қатынасқа қарамастан, ақшаның жетіспеушілігіне байланысты күйеуі Ресейге жұмыс іздеуге кетуге мәжбүр болған.

«Екі жыл бойы одан хабар болған жоқ, ал кейін күйеуім Ресейде үйленіп алыпты деген қаңқу сөз тарап кетті. Біраз уақыт өткен соң, күйеуімнің туыстары бізді асыраудан шаршап, үйлерінен қуып шықты. Қазір мені үш баламен кім

жібереді? Жатақхана таптым, үй жинаушы болып жұмыс істеп, күн көріп жатқан жайымыз бар», - дейді Юсупова.

Осының бәрінен өткен Юсупова жасөспірім болып қалған балаларына қажетті назар аударма қаламын ба деп қорқады.

Ресейдегі экономикалық дағдарыс (мигранттардың жұмыс іздеудегі ең көп таңдайтын елі) мигранттар жұмысына деген сұранысты азайтты. Осыған қарамастан, бейресми деректерге сәйкес, бүгінгі күні шет елде күнкөріс мақсатымен жүрген Тәжікстан азаматтарының саны бір миллионның шамасында екен. Бұл қатарға жұмыс істеуге қажетті барлық құжаты барлар да, заңсыз мигранттар да кіреді.

«Миграция және даму» ҰЕҰ-ның жетекшісі және мигранттарға көмек беру бойынша ресурстық орталықтың директоры Музафар Зариповтың айтуынша, 2009 жылы Ресейге 930 мың кеткен. МХҰ-ның мәліметтеріне қарағанда, осы жылы бұл көрсеткіш 800 мыңға дейін төмендепті.

МХҰ-ның мәліметтері бойынша, мигранттардың 95%-ы еркектер және олардың 80%-ның отбасылары бар.

Мигранттар үйлеріне жіберетін ақша көптеген отбасыға елдегі ауыр экономикалық дағдарыс жылдары кедейліктің шыңырау түбіне кетуден сақтап қалды. Бүкіләлемдік банктің өткен жылға берген мәліметтері бойынша ақша аударымдары елдің ЖІӨ-нің 60%-ын құрайды.

Зерттеулер мигранттардың көпшілігінің аз да болса үйлеріне ақша жіберіп отырғандығын көрсетіп отыр. Бұдан бөлек олардың өмір сүруге және басқа да қажеттіліктерді

ТӘЖІКСТАН

етеуге арналған шығындары бар. МХҰ-ның 2009 жылы сәуір айында жарияланған зерттеулеріне сәйкес, мигранттардың бір жыл ішінде үйлеріне жіберетін ақшасы айына 400 долларды құраған.

Осы жылдың тамызында жасаған МХҰ-ның зерттеулері бойынша негізгі асыраушысы шет елде жүрген отбасылардың 37%-ы «кедейлікте және өте төмен кедейлікте» өмір сүреді, себебі оларға жылына 500 доллардың аз ақша жіберіледі, ал кей жағдайда тіпті де ақша алмайды. «Жылына 500 доллардан артық, бірақ 1000 доллардан кем алатын отбасылардың 25%-ына осындай қауіп төніп тұр», - делінген есепте.

Асыраушысы эмиграцияға кеткен отбасылардың аз бөлігіне ерте ме, кеш пе ақша жіберілу тоқтатылады. МХҰ-ның есебінде шет елде жұмыс қамымен жүрген еркектердің үштен бір бөлігі сол елде қалып қалады деп көрсетілген.

«Тастанды әйелдер» аз ақша алатын не мүлде ақша алмайтындармен бірге қауіп тобын құрауда. «Бұл әйелдер кедейлік жағдайында өмір сүреді, олар үкіметтен, халықаралық ұйымдардан және жергілікті қауымдастықтардан көмек алмайды, олардың денсаулығы мен жүйке жағдайы қалыпты емес, себебі олар аштық, қылмыс және қорлық көрсету алдында қорғаусыз», - делінген есепте.

«Перспектива Плюс» ұйымының басшысы Ойнихол Бобоназарова асыраушы көмегінен айрылған отбасылардың қандай қиындықтарға кезігетіні жайлы айтып берді.

«Біз өз-өзіне қол жұмсау мәселелерімен айналыстық, әйелдер өздерін-өздері өртеп жатады, оған себеп күйеулерінің кетіп қалуы, басқа әйелге үйленуі және ақша жібермеуі болып отыр. Мәселенің тағы бір қыры – балалардың тәрбиесіз қалуы, себебі жан бағу үшін олардың аналары күні-үзек базарда саудамен отырады», - дейді ол.

Гендерлік теңдік және әйелдерге қатысты күш көрсетудің алдын-алу бойынша ҰЕҰ Ассоциациясының атқарушы директоры Алла Кувватова мұндай жағдайда аталған отбасылар билікке көмек сұрап жүгіне алады деді.

Әлеуметтік қолдау деген бар, мемлекет егер отбасының ұзақ уақыт бойы асыраушысы жоқ болса, онда көмектесе алады. Яғни жаңағы әйелдер барып, күйеуім кетіп қалды, маған [қаржылай] көмектеспейді деп, мемлекеттен қолдау сұрай алады», - дейді ол.

Кувватованың сөзіне қарағанда, білім деңгейінің төмендігі не жоқтығы әйелдердің қорғансыз жағдайын одан әрі ушықтырып отыр. «Оларға ақша табуды үйрету керек. Қарапайым кәсіптерді меңгерсе болғаны», - деп түсіндірді ол.

Заң бойынша ер адам ажырасып кеткен соң да, отбасын асырап отыруға міндетті. Алайда егер ол шет елде жүрсе, оны заңды орындауға міндеттеу тіпті де қиын. Көп жағдайда олар Тәжікстандағы әйелдерімен ажыраспайды, нәтижесінде олар [әйелдері] заңды жолмен алимент алуда қиындықтарға ұшырайды. Ал мұсылман ғұрпы бойынша мемлекеттік органның тіркеуінсіз күйеуге шыққан әйелдерге әкелік фактіні дәлелдеуге де тура келеді.

Не болғанда да ауылдық жерде тұратын және ірі қалаларға бара алмайтын әйелдер өз жағдайын мемлекеттік органдарға жеткізуді немесе ҰЕҰ маманынан қалай кеңес алуды білмей жатады.

Әйел-заңгерлер Лигасының «Әділ сотқа қол жеткізу және сот реформасы» жобасының үйлестірушісі Нели Сафарова осы жоба арқылы мұндай әйелдер түрлі сипаттағы көмек ала алады дейді.

«Біз оларға кеңес береміз, қажет болған жағдайда сот қорғанысын жүзеге асыру үшін сотқа шағымдану мақсатында арыздар жазып береміз. Олардың күйеулерін із-түзсіз жоғалып кеткен немесе қайтыс болған деп мойындауға да болады», - дейді ол.

Тек діни неке болған жағдайда әйел заң бойынша күйеуге шыққан болып есептелмейді, онда Сафарованың ұйымы сот қан тобы бойынша әкелікті анықтау үшін рұқсат сұрап, өтініш білдіреді.

Сафарованың сөзіне қарағанда, заңгерлер әйелдерге алимент талап ету үшін немесе құрамына Ресей мен Тәжікстан да кіретін ТМД елдерінің арасындағы құқықтық көмек көрсету келісімі бойынша күйеуін табу үшін сотқа арыз беруде де көмектеседі.



Сафарова заңнаманы бірнеше бағытта өзгерту керек дейді, олар алименттік төлеуді талап етуді күшейтсе, барлық некені мемлекеттің тіркеуіне және мигранттардың тек заңды түрде шет елге жұмыс іздеп шығуына байланысты.

Бүгінгі күні мигранттарға неке туралы мәліметті жасырып, тұрақты түрде ақша аударымдарын тоқтатқан кезде алимент төлеуден қашып құтылу оңайға соғып отыр.

Душанбедегі стратегиялық зерттеулер Орталығының сарапшысы Фируз Саидов кеңес одағы кезінде қолданылған әдіс – азаматтың төлқұжатында оның отбасылық мәртебесі және балаларының бар-жоқтығы көрсетілуі қайта жаңғырса қуанар еді.

Бүгінгі күні отанында әйелі бар Тәжікстан азаматы өзінің отбасын құрмағандығы жөнінде анықтаманы сатып алып, ресейлік-әйелге үйлене алатын болып отыр.

ТӘЖІКСТАН

Саидов Ресей мен Тәжікстан арасында бір елдегі некенің тіркелгені екінші елдегі сәйкес қызметке міндетті түрде хабарлануы туралы ресми келісім болғаны қажет дейді.

Әдетте ақша аударымдары тәжікстандық мигрант өзге елде отбасын құрып, қалып қалған кезде тоқтап жа-тады.

Бобоназарованың сөзіне қарағанда, кейбір жағдайда тәжіктер баспана алу үшін, ресейлік азаматтық алу рәсімдерін жеңілдету мақсатында немесе милициялық тексерістерден құтылу үшін үйленеді дейді. Ол кейбір бағалаулар бойынша жыл сайын Ресейде 12 мың тәжік еркегі некеге отырады деген мәліметті айтып өтті.

Бірақ, бұл өзге елдерде жұмыс істеп жатқан еркектердің аз ғана бөлігі, ал қалған төрттен үшін шет елге белгілі бір мерзімге ғана шығып, тұрақты түрде үйлеріне ақша салып отырады.

Саидов айтып өткендей, тәжік мигранттарының 70%-ы көктемде шет ел асып, суық түскенде қайта оралады. «Олар маусымдық жұмысшылар, кетеді, бірақ әйелдеріне қайта оралады», - дейді ол.

Асыраушысы тастап кеткен отбасылардың мәселелері жалғасын табатын секілді, себебі еңбек миграциясының түбі көрінетін сыңайы жоқ. 🗣

Мехрангез Турсунзаде, IWPR тренингтерінен өткен тәжікстандық журналист

ТӘЖІКСТАНЫҢ ҮКІМЕТІНІҢ ЖЕРГІЛІКТІ БАҚ-ДАРЫНЫҢ ДАУ-ЖАНЖАЛДАР БОЙЫНША ХАБАР ТАРАТУЫНА КӨҢІЛІ ТОЛМАЙ ОТЫР



Фараж газетінің жабылар алдында шыққан соңғы нөмірі.

фото © «Фергана.Ру»

Елде сөз соғысы жүріп жатыр, билік пен журналистер бір-бірін әділетсіз қарым-қатынас үшін айыптауда.

Тәжікстан үкіметі елдің шығысында жақында лаңкестермен болған қақтығыс туралы нақты ақпарат таратпады деп БАҚ-дарын айыптап, журналистермен әжептеуір сөзге келіп қалды. БАҚ құқықтарын қорғау Ұйымы баспасөз бен Интернеттегі жаңалықтар сайттарына қойылған шектеулерге байланысты алаңдаушылықтарын білдіріп отыр,

ал репортерлардың өздері болса, болған оқиға жайында мәліметтердің іс жүзінде құпияланғанына байланысты фактілерді тексере алмағаны жайында айтады.

Екі жақтың қарым-қатынасы айтарлықтай құлдырап кетті. Медиасала өкілдері оқиғалар жайлы біржақты ақпарат берілді деген айыппен үзілді-кесілді келіспей отыр.

ТӘЖІКСТАН

Интернеттегі ақпарат көздері мен баспасөзге тыйым салу арқылы билік жағдайды құтқарып қала алмады.

18 қазан күні ЕҚЫҰ-ның БАҚ-дарымен жұмыс бойынша өкілі Дуня Миятович өз мәлімдемесінде «БАҚ еркіндігіне қатысты жағдайдың нашарлауының жалғасын табуының» нәтижесі газеттерді жабу және жаңалық вебсайттарға тосқауыл қойылуы болып отырғандығына байланысты өз алаңдаушылығын білдірді.

Тәжікстан шенеуніктері БАҚ-дарының үкіметтік әскер мен 19 қыркүйек күні Рәш жазығында 25 жауынгерді өлтірген топтың арасындағы қақтығыс жайлы хабар таратуына байланысты өздерінің үлкен көңіл толмаушылықтарын жеткізді. Шабуыл жасаған топтың басшысы 1992-1997 жылдары болған азаматтық соғыс кезіндегі дала командирлері болды деген пікір бар, оларға мүмкін көршілес Ауғанстаннан келген лаңкестер де көмек көрсетуі ғажап емес.

Елдің оңтүстігіндегі қақтығыстар жайлы таратылған ақпаратқа қатысты алғашқы сын 25 қыркүйек күні тәжік мемлекеттік телеарнасынан берілген Қорғаныс министрлігінің баспасөз қызметінің мәлімдемесінде айтылды, онда үкімет өкілдері жекеменшік жаңалықтар агентігін біржақтылыққа салынды деп айыптады. Хабарламада, әсіресе, «Фараж» апталығының атауы айрықша аталады. Газет жарияланымында Қорғаныс министрлігі қаза тапқан жауынгерлердің отбасыларынан кешірім сұрау, ал қорғаныс министрі орнынан кетуі керек деп жазылған.

17 басылым мен медиа ұйымдар министрінің мәлімдемесіне өз мәлімдемелерімен жауап қайтарып, біржақтылық туралы айыптауды мойындамады және өздерінің оқиға жөнінде ақпарат беру құқығын алдыға тартып, күштік құрылым өкілдерін қудалауға барды деп айыптады.

Бұдан кейінгі кезек қорғаныс министрі Шерали Хайруллоевқа тиді. «Ховар» ақпараттық агенттігі 4 қазан күні оның айтарлықтай қатты сөздерге барған мәлімдемесін жария етті.

Хайруллоевтың пікірінше, ол кейбір басылымдардың мақаласында кездестірген «қуаныш» белгілерін көріп қатты ашуланған. Ол мұның баспасөз еркіндігіне ұқсай қоймайтындығын айтты.

«Тәжікстан тәуелсіз басылымдарының жарияланымдарының көпшілігі Қорғаныс министрлігінің әскери колониясына жалдамалы лаңкестермен жасалған шабуылға қатысқан, аталған аяшылықты білмейтін адам өлтірушілерді қолдаған сипатта жазылған сияқты. Біздің құрметті журналистер лаңкестікке қолдау білдірудің де сол лаңкестік секілді қылмыс екенін білмей ме?» - деді ол.

«Көптеген басылымдарда осы бір қанды оқиғаларды ұйымдастырған лаңкестердің іс-әрекетін айыптаған сипат байқалмайды. Саусақпен санарлықтай кейбір басылымдар ғана дұрыс мәлімет берген», - дейді ол.

Министр мұндай жағдайдың саяси тұсы бар екенін атап өтті, яғни кейбір оппозициялық саясаткерлер өз мүдделері үшін қарулы лаңкестерге емес, барлық кінәні үкіметке жапқан. Ол оппозицияның келіссөздерге келу туралы ұсынысын қабылдамай тастады.

«Енді келіп олар келіссөз бен диалог сұрап отыр. Сұрақ туындайды: Диалог кіммен жүреді? Лаңкес, адам өлтіргіштермен бе, әлде сендермен – саяси партиялардың жетекшілерімен бе?» - дейді ол.

Жағдайдың ұшыға келе, «Пайкон», «Истиклол» және «Фараж» газеттері кезекті нөмірді баспаға бере алмайтындығын анықтаған, бұдан бөлек кейбір жергілікті және шетелдік вебсайттарға (олардың арасында avesta.tj, Tjknnews.com, ferghana.ru және centrasia.ru секілді ресурстар да бар) тосқауыл қойылғаны да анықталды.

Жоғарыдағы газеттер басып шығарылып жүрген «Оила-принт» баспаханасының директоры Сиёвүш Хамдамов аталған тыйымның саясатқа еш қатысы жоқ екенін айтты. Мәселе «Истиклол» және «Пайкон» газеттерінің баспаханаға көп ақша қарыз болғандығында екен. «Фараж» басылым қағаз бағасының өсіп кетуіне байланысты аталған баспаханамен байланысты тоқтатты.

Тәжікстанның тәуелсіз БАҚ ұлттық ассоциациясының (ТТБАҚҰА) басшысы Нуриддин Каршибаев мәселе бұған тіреліп тұрған жоқ дейді. «Бұл жерде лауазымды тұлғаның баспау туралы бұйрығымен телефон қоңырауы жүйесінің іске қосылғаны анық көрініп тұр», - дейді ол.

Интернет-провайдерлер Ассоциациясының басшысы Парвина Ибодова ұйым мүшелері Байланыс министрлігінен белгілі бір вебсайттарға тосқауыл қою туралы бұйрық алғанын айтты. Оның сөзіне қарағанда, «Азия Плюс» жаңалық агенттігі министрліктен түсіндірме талап еткен, алайда әзірге оларға бағынудан басқа жол болмай тұр.

Мұндай іс-әрекетті қорқыту деп санап БАҚ құқығын қорғау ұйымы күш біріктірді.

14 қазанда ТТБАҚҰА қорғаныс министріне лаңкестікке қолдау көрсетті деп айыпталған медиаұйымдар мен журналистердің тізімін беру туралы ұсыныспен хат жазды. Бір аптадан кейін жекеменшік басылымдар журналистердің кәсіби құқығын қорғау бойынша Комитет құрды. Комитеттің мақсаты БАҚ-дарына жасалып отырған қысымды тоқтату, баспахана мен онлайн-ресурстарға еш кедергісіз қол жеткізуді қалпына келтіру және даулы оқиғаға дейін елде болған БАҚ еркіндігін қайта орнату болды.

Комитет өздерінің сайтының басқа жерде жариялана алмай жүрген медиаұйымдар мен журналистер үшін платформа бола алады деп хабарлады.

Қазір үкімет пен БАҚ бір-бірінен бұрын-соңды болмаған дәрежеде суысып кетті.

БАҚ өкілдері билікті Тәжікстанның шығысындағы әскери операцияларды өткізуде орын алып отырған кемшіліктерге назар аударудың орнына, болымсыз шарулармен айналысуда деп айыптайды.

Сонымен қатар журналистер билік шатқалда болған және басқа да оқиғалар туралы шынайы ақпаратты алуды қиындатып жіберді дейді. Мұндай оқиғаға, мәселен, объективті репортаж дайындауға пайдалануға болатын, қауіпсіздік қызметі жүргізген операция кезіндегі тікшақтың құлауын жатқызуға болады. Журналистердің сөзіне, қарағанда, Қорғаныс министрлігі де, Ішкі істер министрлігі де ақпарат алу үшін соғылған қоңырау кезінде телефон тұтқасын көтермеген.

IWPR тілшілері аталған дау туралы ақпарат алу мақсатында жоғарыдағы министрліктермен байланысқан кезде осындай кедергілермен кездесті.

«Азия-Плюс» ақпараттық агенттігінің атқарушы директоры және соңғы кезге дейін IWPR редакторы қызметінде

ТӘЖІКСТАН / ЎЗБЕКИСТОН

келген Зебо Таджибаева журналистерді жағдайды одан да әрі ушықтырмау үшін сабырға шақырды.

«Журналистерге мен қызбалыққа салынбау жайында кеңес берер едім, менің ойымша, ең бірінші кезекте, өз жұмысыңды жасап, объективті және шынайы ақпарат

беріп, кәсібилікке мән беру керек. Транспаранттармен, соттармен ешкімді қорқыта алмайсы және ештеңеге қол жеткізе аламайсың. Қандай да бір жауап қадамына бару үшін Рәш жазығындағы операцияның соңын күту қажет», - дейді ол. ●

Лочин Каримов – Тәжікстан журналисінің лақап аты

ӨЗБЕКСТАН

ТҮСІНІКТЕМЕ. МЕДИАСАРАПШЫ: ӨЗБЕКСТАНДА ЖУРНАЛИСТЕРГЕ ҚАТЫСТЫ СОТ ШАҒЫМДАРЫНА СЕБЕП КӨП



Өзбекстанның ұлттық телерадиокомпаниясының «Ешлар» телеарнасының қызметкерлерінің 2010 жылы 6 желтоқсанда Ташкенттегі Тәуелсіздік алаңында цензураға өткізген пикеті

фото Василий Марковткі.

Өзбекстандағы журналистердің қудалануы, цензура мен құқықтық нормаларды биліктің пайдасына жығып беретін заңдардағы түсініксіздік бар кезде, тоқтар қоймас, ал жергілікті БАҚ-дарының өз құқықтарын сотта қорғауға қаржылық мүмкіндігі болмайды.

Өзбекстандағы журналистердің қудалануы, цензура мен құқықтық нормаларды биліктің пайдасына жығып беретін заңдардағы түсініксіздік бар кезде, тоқтар қоймас, ал жергілікті БАҚ-дарының өз құқықтарын сотта қорғауға қаржылық мүмкіндігі болмайды.

Осы күндері Ташкентте аяқталған «Америка дауысы» радиосының тілшісі Абдумалик Бобоев пен ресейлік журналист, vesti.uz интернет-порталының редакторы Владимир Березовскийге қатысты сот ісі Байланыс және ақпараттандыру өзбек агенттігінің (БАӨА) жаппай байланыс саласындағы мемлекеттік мониторинг Орталығының сараптамалық қорытындысына негізделген.

Тілшілерге қатысты жүргізілген сот ісі католиктік Испаниядағы инквизицияны еске салады. Ол кезде адам-

дарды жоқ жерден айыптап, отқа жақса, Өзбекстанда журналистер болмашы ақпаратқа бола айыпталып отыр.

Жергілікті журналистерге қатысты репрессиялардың сөз жүзіндегі басы 2007 жылы шыққан министрлер кабинетінің қарары болып отыр. Қарар баспа және кітап, телерадио, аудиовизуалды өнім және Интернет желісіндегі ақпараттық ресурстарды тарату саласындағы заңнаманың сақталуына мониторинг жүргізу тәртібі туралы ережелерді бекітті.

Бұл құжат бұқаралық ақпарат құралдарын бақылау құқығына ие және мониторинг аяқталған соң бес күннен қалдырмай мемлекеттік билікке қорытынды мен ұсыныс жіберуге міндетті Орталыққа жазалаушы қызметті береді.

ЎЗБЕКИСТОН

Ал масс-медианың шынайы жағдайы 2002 жылы президент Ислам Кәрімовтың «Баспа мен ақпарат саласындағы басқаруды жетілдіру туралы» бұйрығымен Өзбекстанда цензураға тыйым салынған кезінде өзгерді. Сол кезде жергілікті журналистер бұл шешімді қуанышпен қарсы алған болатын, себебі сөз аңдушылар кей-кейде ақы шеңберінен шығып жататын-ды.

Цензура бар кезде БАҚ-дарына қарсы шағымдар аз болды, сын мақалаларының «кейіпкерлері» сотқа сирек шағымданатын, себебі олар материалдардың тексеруге ұшырайтынын біледі, билікпен құпталады. Сот шешім шығарарда бейресми түрде осы фактіні ескеретін.

Ресми түрде цензураның алынып тасталуы баспасөздегі сын мақалаларының күрт кемуіне әкеліп соқты, себебі ендігі жерде мақала үшін барлық жауапкершілік басылымның мойнына артылған еді.

Дамыған елдерде сотта масс-медиа мен журналистер өз құқығын қорғап жатқан шақта, оларға қуаты бар, сөз бостандығы үшін жұмыс жасайтын қоғамдық ұйымдар қолдау білдіреді. Ал қаржылары шамалы, сот отырыстарының ауырлығын жүргізуге қажетті ақшасы жоқ өзбек БАҚ-дары елде жоғарыда көрсетілгендей ұйымдардың жоқтығынан аталған көмекке ие бола алмайды.

Цензура алынып тасталған соң орын алған, сынға реніш білдірген азаматтар бастамашыл болған сот процестері редакциялардың басшылығы мен журналистердің сын мақалалар жазуға деген қызығушылығын жойып тынды.

Бұл жағдайды шенеуніктер пайдаланып қалды, олар қоғамдық-саяси басылымдардың құрылтайшыларына сын айтудан арылу туралы кеңес берді.

Ал тілшілерге мұндай «ым» сот процестеріне кететін қаржылық шығындар түрінде жеткізілді. Нәтижесінде тұрғын үй-коммуналдық қызмет секілді болмашы тақырыптарға да сын материалдар дайындалмайтын болды.

Келесі қадам газеттер мен журналдарға хат-хабар бөлімін реформалау жайында көпшіліктен құпия түрде келген ұсыныс сипатында болды. Қазір бұрынғы уақытта жарияланып келген немесе журналистердің зертеуіне бағытталатын оқырмандардың хаттары құқыққорғау орган-дарына жіберіледі.

Осындай жағдайда арты қуыс шенеуніктер мен кәсіпкерлер сыннан қорықпай, тыныш ұйықтай алатын болды. Олардың алаңдаушылығын тудырып отырған жалғыз дүние – шетелдік ақпараттық агенттіктердің материалдары. Бұл медиа ұйымдармен белсенді азаматтық ұстанымдағы әділ өзбек журналистері әріптестікке баруға мәжбүр болды.

Байланыс және ақпараттандыру өзбек агенттігінің (БАӨА) жаппай байланыс саласындағы мемлекеттік мо-

нитинг Орталығы біздің журналистер үшін жазалаушы сипатында болып отыр. Бұл құрылымның қызметкерлері жергілікті және шетелдік баспасөздің сын материалдарын бақылап, оларға қарсы жазалаушы шаралар қолданады.

Жағдайды Өзбекстандағы журналистерді сот арқылы қудалауға мүмкіндіктің болмауы ушықтырып отыр.

Тіпті Өзбекстанның 1997 жылы қабылданған «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңы да көмекке келе алмай отыр. Осы құжаттың алтыншы бабы сот қорытындысын талқылауға жол бермейді, бұл шенеуніктерге прокурордың жазбаша рұқсатынсыз немесе соттың қабылдаған шешімінсіз сот процесі, тергеу процедуралары және алдын-ала тергеу туралы ақпарат беруге тыйым салуға мүмкіндік сыйлап отыр.

Сонымен қатар сотқа шешімнің заңды күшіне енгенге дейін «басқа жолмен» ықпал етуге тыйым салынады. Алайда осы бір ереженің түсініксіз жазылғандығы нақты қандай жолмен ықпал етуге болмайтындығы жайында анықтама бермейді.

Сонымен қатар, әлемдегі мемлекеттердің көпшілігінде баспасөз қоғам қызығушылығын тудырған сот процестері жайында ашық түрде ақпарат беріп жатады. Алайда мұндай есептердің өзбек заңындағы алтыншы бапқа сәйкес сотқа ықпал ететін факторлардың қатарына жататыны, я жатпайтыны белгісіз болып отыр.

Азаматтардың ар-намысына және іскери беделіне нұқсан келтіретін мәліметтерді таратуға тыйым салатын нормалар да түсініксіз сипатта.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, егер журналист хабарламасында қандай да бір шенеуніктің немесе кәсіпкердің аты-жөнін атап кетсе, осының өзі қорлау болып, сотқа шағымдануға негіз бола алады. Алтыншы баптың соңғы сөздері де айқын емес, онда бұқаралық ақпарат құралдарын «заңға сәйкес қылмыстық немесе басқа да жауапкершілікке тартатын іс-әрекеттерге» пайдалануға болайтындығы жайында айтылған. Мұндай норманы әркім өз қалауынша түсініп, көңілге жақпаған журналистерден құтылу мақсатында пайдалана алады.

Бір қызығы, журналистерге қатысты жағдайдың ушығуы, президент Ислам Кәрімовтың журналистерге арнап сыни, батыл материалдар жазу туралы үндеуімен қатар жүріп отыр. Мысалы, осы жылдың қаңтарында парламент алдында сөйлеген сөзінде президент Өзбекстан баспасөзін «әлсіздік» танытады деп айыптады, ал алты ай бұрын журналистердің кәсіби мерекесі тұсында президент оларды өз-өзіне деген цензурадан бас тартып, көздеріне шел біткен шенеуніктер жайында ашық жарияланымдар беруге шақырды. ●

Виктор Крымзалов, Ташкент қаласында тұратын және жұмыс істейтін тәуелсіз медиасарапшы

Амалған мақала National Endowment for Democracy қоры қаржыландыратын «Орталық Азияның жаңалықтар топтамасы» жобасының аясында дайындалды.

ЎЗБЕКИСТОН

ЖАСЛЫК КОЛОНИЯСЫНДА ОТЫРҒАНДАРДЫҢ АШТЫҚ ЖАРИЯЛАУЫ



Жаслык түрмесіндегі тұтқындардың аштық жариялануы халықаралық ұйымдар үшін өзбек пенитенциарлы жүйесін қатаң бақылауға алуға мүмкіндік беріп отыр дейді құқыққорғаушылар.

22 қараша күні Өзбекстанның тәуелсіз құқыққорғаушылар бастамашыл тобының төрағасы Сурат Икрамов NBCA-ға Жаслык түрмесінде отырған тұтқындардың жаппай аштық жариялағаны жайында хабарлады.

Икрамовтың сөзіне қарағанда, түрмедегі аштықты дінге сенушілер қазан айының соңында бастаған. Қарсылық акциясының себебі тоқтайтын түрі жоқ азаптаулар мен түрмеден бірнеше тұтқынның жоғалуы болды. IWPR бұл азаптаулар жайында 2 тамыз күні «Өзбек түрмелеріндегі азаптаулар тұтқындардың психикалық ауруға шалдығуына әкеліп жатыр» деген мақала жариялаған болатын.

64/71 Жаслык колониясы Ташкенттен 1 000 шақырым жерде, елдің солтүстік-батысында орналасқан. Ол Өзбекстандағы «ең қорқынышты жер» болып саналады. Түрме өзінің қатігездігімен және азаптауларымен танымал. Халық арасында оны «барса келмейтін жер» деп те атайды.

Өзбек құқыққорғаушыларының мәліметтеріне сүйенсек, Жаслык түрмесінде 500-ден астам тұтқын бар. Жаза мерзімін аталған жерде өтеп жатқан адамдардың жартысынан астамы дінге сенушілер және саяси негізде сотталған тұтқындар. Икрамовтың сөзіне қарағанда, осы жандар Жаслыктағы азаптау мен күш көрсетуден зардап шегуде.

«Біздің бақылауларымыз бен тұтқындардың туыстарымен және жақындарымен жүргізген әңгімелеріміз, осы түрмеде жаңағы айтылған тұтқындарға қатысты қараушылар тарапынан азаптаулардың қолданылатынын көрсетіп отыр», - дейді Икрамов.

Қазіргі кезде Жаслык түрмесінде сықақшы-ақын Юсуф Жума, Өзбекстандағы алғашқы коммерциялық банк - «Рустамбанктың» негізін қалаушы Рустам Усманов және құқыққорғаушы Азимжон Фармонов секілді танымал тұтқындар отыр. Икрамовтың сөзіне қарағанда, бұл адамдардың туыстары Өзбекстанның тәуелсіз құқыққорғаушыларының бастамашыл тобына өздерінің жақындарына қатысты азаптаулардың қолданғаны жайында жиі айтқан.

Клара Алимова дінге сенуші тұтқындардың басқа да 30 тыс әйелдерімен қатар Жаслык түрмесінің қонақүйінде пенитенциарлы мекеме туғандарымен кездесуге рұқсат береді-ау деген үмітпен жарты ай жатқан.

1999 жылы Өзбекстанның Қылмыстық кодексінің 159 бабы («Конституциялық құрылымға қолсұушылық») бойынша 15 жылға бас бостандығынан айрылған 31 жастағы Миркарим Саидкаримовтың анасы Алимованың сөзіне қарағанда, ұлымен өткен кездесуден кейін, ол баласының денсаулығына айтарлықтай зиян келтірілгендігін түсінген.

«Олар менің ұлымның бас сүйегін, арқасын сындырып, белін зақым келтірген. Балам ешкімнің көмегіне де үміттеніп отырған жоқ. Мен халықаралық қауымдастықты біздің балаларымызды қалай қорлап жатқаны жайында білгенім қалаймын!» - дейді Алимова.

Баласы оған камераластары жоғала бастаған кезде өздерінің аштық жариялағаны туралы айтқан. Оның сөзіне қарағанда, түрмеден намаз оқып, дінге сенетін, ораза ұстайтындар жоғала бастаған. Қалған дінге сенуші тұтқындар қарсылық ретінде аштық жариялап, түрме басшылығына жоғалған сегіз тұтқынды камераға қайтарсын деп талап қойған. Жауап ретінде түрме қараушылары қарсылық танытушыларды карцерге жіберген.

Жаслыкқа 16 жылға бас бостандығынан айрылған ұлын көру үшін Самарқанд облысының Ургут ауданынан келген Мухайё Хожиеваның сөзіне қарағанда, ол үшінші апта бойы баласымен кездесе алмай жүр. Ол ұлын жаппай қарсылық акциясына қатысуына байланысты азаптауларға ұшырай ма деп қорқып отыр.

«Түрме әкімшілігінде маған ұлымның изоляторда отырғандығы жайында хабарлады. Мен ол үшін қатты алаңдап отырмын. Түрме қызметкерлер маған «кетіңіз» деді, бірақ мен баламды көрмейінше, мұннан кетпеймін. Мен ол жерде оны азаптап жатыр ма деп қорқамын», - дейді Мухайё Хожиева.

Ташкенттегі Өзбекстанның құқыққорғау альянсының өкілі Елена Урлаева елдегі бас бостандығынан айыру

ЎЗБЕКИСТОН / ТУРКМАНИСТОН

орындарындағы азаптаулар жыл өткен сайын күшеюде және мұсылман тұтқындарға қарсы аса қаталдықпен қолданылады дейді.

«Өсіресе діни мейрамдар кезінде, мұсылмандар үшін қасиетті ай болып саналатын Рамазан айында мұндай тұтқындарға қарсы азаптаулар күшейе түседі. Колониялар әкімшілігі, олардың арасында Жаслык түрмесі де бар, нағыз азапатулар шеруін өткізеді», - дейді ол.

Миркарим анасымен кездескен кезде жақында түрмеге діни басшылық өкілдерінің келіп кеткені, алайда қолдау білдірудің орнына, керісінше, қорлап, қорқытқаны жайында айтып берген.

«Олар біздің жігіттерге «сендерді, хизбуттахрирліктерді, бүкіл әлем жек көреді. Сендерді отбасы мүше-

лерімен қосып, қырып тастау керек» депті», - дейді Саид-каримовтың анасы.

Урлаеваның берген мәліметтеріне қарағанда, жыл сайын өзбек түрмелерінде адамшылық шеңберінен асып кеткен қарым-қатынасқа қарсы акциялар өтеді, тұтқындар тамырларын кесіп, қарындарын тіліп, түрме әкімшілігінің өздеріне деген қатігез қатынасына және құқықтарының анық бұзылуына қарсылық білдіреді. Алайда мұндай акциялар туралы ақпарат биліктің тосқауылына ұшырайды. Урлаеваның сөзіне қарағанда, халықаралық құқыққорғаушы ұйымдар Жаслык түрмесін баяғыда-ақ бақылауға алған, ал онда жарияланған аштық Өзбекстанның пенитенциарлы жүйесіне деген бақылауды күшейтудің тағы бір себебі болмақ. ●

«Жаслык түрмесін қолға алатын кез баяғыда келді», - дейді **Елена Урлаева**.

Аталған мақала National Endowment for Democracy қоры қаржыландыратын «Орталық Азияның жаңалықтар топтамасы» жобасының аясында дайындалды.

ТҮРКІМЕНСТАН

БҮГІНГІ ЗАМАННЫҢ ТҮРКІМЕН ӘЙЕЛДЕРІНЕ ШЫНАЙЫ ҚҰҚЫҚ ҚАЖЕТ



Түркіменстан әйелдері Конституция кепілдендірілген кейбір теңдіктерге қарамастан құқығымыз бұзылды деп шағымданады.

Желтоқсан айының соңында Түркіменстан БҰҰ-ның әйелдерге қатысты дискриминацияны жою туралы Комитетіне кезекті мерзімдік баяндамасын тапсырады, ол жерде елдің 1996 жылы ратификацияланған аталған халықаралық акті аясында міндеттерін қаншалықты орындап жатқаны жайында айтылады.

Заң тұрғысынан алып қарағанда, елде белгілі бір заңнамалық база қалыптасқан: түркімен Конституциясы ерлер мен әйелдерге тең азаматтық құқық береді, жыныстық негізде теңдікті бұзғаны үшін жауапқа тартылады, ал 2007 қабылданған «Әйелдердің теңдігіне қатысты мемлекеттік кепілдіктер туралы» Заң әйелдерді түрлі салаларды шет-

ТУРКМАНИСТОН



тетуге тыйым салады, олардың отбасындағы, жұмыстағы, қоғамдағы рөлін заңдастырады.

Бір қарағанда, түркімен әйелдерге қызмет істеу үшін барлық жағдай жасалған сияқты. Нәзік жандылар денсаулық сақтау және білім салаларында негізгі рөлге ие, Түркіменстанның Мәжілісінің бестен бірін әйелдер құрайды, түрлі дәрежедегі әйел-басшылар да аз емес, тіпті биліктің тікелей бақылауымен құрылған әйелдердің қоғамдық ұйымдары да бар.

Алайда 2008 жылдың өзінде-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымының әмбебап мерзімдік шолу бойынша жұмыс тобы Түркіменстанның «әйелдерге қатысты күш көрсетуге қарсы күрестің қажеттілігін түсінбейтініне» байланысты алаңдаушылығын білдірген болатын.

Осы мақала үшін сұралған коментаторлар 2 жыл ішінде пәлендей ештеңе өзгере қойған жоқ дейді. Жергілікті шолушылар әйелдерге қоғамда ерлерден маңызы төмен рөл беретін азиялық дәстүрлерді себеп ретінде алға тартады.

«Барлық заңдарға қарамастан, біз еркектерді құрметтейміз және тыңдаймыз. Маған мұны ата-анам үйреткен», - дейді аты-жөнін атамаған мемлекеттік жұмыстарда 20 жылдық тәжірибесі бар шенеунік.

Адам құқықтары бойынша түркімендік Хельсинки қорының жетекшісі, Болгарияда тұратын Таджигуль Бегмедова мұндай пікірге таңдана қоймайды. Ол қыз баланы кішкентай кезінен отбасындағы үлкенді, әкесін, ағасын, болашақ күйеуін, оның бауырларын тыңдауға тәрбиелеп өсіреді дейді. «Мұндай тәрбие әлі күнге бар және ол қоғамда қолдауға ие», - дейді ол.

«Әрине бүгінгі заманның әйелі бұрынғыға қарағанда ашығырақ болуы мүмкін, қарсылық та айтуы мүмкін, алайда іс жүзінде оның ешқандай құқығы жоқ, тіпті балаларға қатысты да оның сөзі жүрмейді. Балаға деген оның құқығынан гөрі, әкесінің құқығы басымырақ», - дейді құқыққорғаушы.

Жақында Ашхабадта болған бір шетелдік турист көшеде жұмыс істеп жүрген әйелдерді және оларға бұйрық

беріп тұрған еркектерді көріп, таң қалғанын айтты.

«Орамалға оранған, қызғылт-сары киім киген әйелдер ағаш отырғызып жатты, ал костюм киген еркектер оларға қоқысты жинау керек айқайлап жатты. Әйелдер болса үлкен қаптардағы қоқысты белдері бүгіліп шығарды», - дейді ол.

Базарда сауда жасайтын әйел жылап тұрып, салық жинаушы-еркектер мен түрлі тексеруше саладағы еркектерден көрген қорлығы туралы айтып берді.

«Мен ысытықта да, суықта да ашық далада сауда жасаймын. Ал маған бір шенеунік келе ді де, тауарымды тартып алады, кімге айтсаң, оған айт, бәрібір қатынды ешкім тыңдамайды дейді. Мен не істеймін? Олардың алдында менің еш құқығым жоқ», - дейді ол.

Қалада мұндай жағдай кең таралмаған болса, ауылдық жерлердегі әйелдердің жағдайы тіпті де қиын. Ахал орталық вelayатындағы News Briefing Central Asia шолушысы өз көргендеріне негіздей отырып, «әйелдерді бұрын қалай пайдаланса, қазір де дәл солай пайдаланып келеді» деді.

Мақта алқаптарынан негізінен тек әйелдерді көруге болады, бұған қоса олар үй шарушылығымен айналысады. Әйелдерге таңғы сағат 4-те тұрып, сиыр сауу керек, сосын фермаға барып, шамасынан тыс қаптар тасу қажет... Балаларға қарау да соның мойнында.

«Ауылда түркімен әйел қонақтармен бір дастарханда отыра алмайды, құқысы жоқ. Тіпті әдетте тамақты да ол апармайды, балалар апарды. Ал егер сіз рахмет айту үшін оның бөлмесіне көз тастап қалсаңыз, әйел мен балалардың алдынан тек чурек, көк шай және қантты ғана көре аласыз. Ал күйеуі ет пен көкөніс жейді», - дейді шолушы.

Ашхабаттағы құқыққорғау тобының белсендісі отбасылық күш көрсету мәселесінің де өзекті болып тұрғандығын айтты. Ол шыдамдары таусылып, полицияға жүгінген екі әйелдің оқиғасын айтып берді. Бірі күйеуінен күн сайын таяқ жеген әйелдің арызы туралы болса, екіншісі енесінен қорлық көріп жүрген әйелдің шағымы жайында. «Полиция бұл екі әйелден «отбасылық» мәселе деген себеппен арыздарды қабылдамай қойды», - дейді белсенді.

Түркіменстанда отбасында зардап шеккендер жайлы ресми статистика жабық. Алайда жергілікті шолушылардың мәлімдемелеріне қарағанда, отбасылық күш көрсету елде айтарлықтай тараған.

«Күн сайынғы отбасылық күш көрсету көптеген түркімен отбасыларында кездеседі. Әйелдерді ұру, күштеп жыныстық қатынасқа түсу, құл ретінде пайдалану өте кең тараған. Күйеулері әйелдерін отбасын бағу үшін үйде отырып, мәселен, кілем тоқуға мәжбүрлейді, олардың мойнына көп жұмыс артады», - дейді Ашхабадтағы медиашолушы.

ТУРКМАНИСТОН

Жергілікті құқыққорғаушылар елде дағдарыс орталықтар жүйесі, сенім телефондары және өткен жыл Түркіменстан астанасында ЕҚЫҰ енгізген, отбасылық күш көрсетуден зардап шеккендерге арналған тегін психологиялық кеңес беретін «шұғыл желі» секілді жобалар ашылу керек деп есептейді.

Бір үміт халықаралық ұйымдарда, себебі билік түркімен әйелдерінің құқығына ешікмің қол сұғып жатпағанына сенімді. «Мүмкін батыс үшін біздің әйелдердің құқығы қорғалмай отырғандай болып көрінуі мүмкін. Алайда біз олай есептемейміз. Шығыста әрқашан осылай болған», - деп миығынан күлді хякимлик қызметкері. ●

Амалған мақала National Endowment for Democracy қоры қаржыландыратын «Орталық Азияның жаңалықтар топтамасы» жобасының аясында дайындалды.

БИЛІК МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ШЕТ ЕЛГЕ ШЫҒУЫНА ҚАРСЫ КҮРЕСУДЕ



Қыркүйек айының аяғында Адам құқықтары бойынша Түркімен бастамасының оппозициялық интернет-порталы Түркіменстанда медицина қызметкерлерінің төлқұжаттарын жаппай тексеру басталды деп хабарлады.

Медициналық мекемелердің кадр бөлімі қызметкерлері Ұлттық қауіпсіздік қызметі өкілдерімен біріге отырып шекарадан өтті деген мөрі бар төлқұжат иелерін анықтауға кіріскен.

«Көптеген медициналық қызметкерлер негізгі жұмысынан бөлек, алыпсатарлық кәсіпке маманданып алған, осыған байланысты шет елдерге шығып отырады. Өріптестер өзара келісіп, бір-бірін ауыстырады. Бірі өзі және өріптесі үшін кезекшілікті атқарып жатқан кезде, екіншісі бұл уақытта тауар алу үшін Біріккен Араб Әмірліктеріне, Ресейге, Түркияға, Иранға, Қазақстанға барып қайтады», - деп жазады «Хроника Туркменистана».

«Егер дәрігердің төлқұжатында шетелдік мөр не виза белгісі табылса, онда оны басшылық шақыртып алып, жазалайды, «іс жүзінде болмаған кезекшілігі үшін берілген ақшаны қайтаруға мәжбүрлеп қана қоймай, бір айлық жалақысын да ұстап қалады», - де хабарлайды басылым.

Мұндай тексерулер Түркіменстанда 2009 жылы да жүргізілген болатын. Жергілікті сарапшылардың бірі көптеген дәрігерлердің қауіпсіздік мақсатында тіпті құжаттарын жарамсыз қылып та тастағанын еске алады.

«Адамдар асығыс-үсігіс төлқұжаттарынан құтыла бастады, оларды жоғалтты, үстіне бірдеңені төкті, мұның бәрі виза көрінбес үшін жасалды. Мұндай қадамға ертерек, төлқұжаттары сұралмай тұрып барғандар жазадан қашып құтылды», - деді ол.

Ашхабаттағы шолушының сөзіне қарағанда, алыпсатарлық пен медициналық қызметті қатар алып жүру

ТУРКМАНИСТОН

«дәрігерлерді ақшасыздықтан» құтқарып отырған. Түркімен дәрігерінің жалақысы \$200 - \$230 аралығында, бұл 2010 жылдың 1 қаңтарында бекітілген ресми ең төменгі жалақы деңгейінен (598 манат, яғни ресми курс 2.85 бойынша \$ 170) аз-ақ жоғары.

Сондықтан медицина қызметкерлері қосымша ставка алып, бірді-бірге жалғап күн көруге мәжбүр. Дәрігерлер жұмыс және демалыс күндері қызметке шығып қана қоймай, жылдық еңбек демалыстарын да тауар алу үшін жұмсайды. Тауарды жергілікті базарда сатуға не дүкенге өткізуге болады.

«Бізде көптеген әйел-дәрігерлер бүтіндей бір отбасын асырауға мәжбүр, себебі елде жұмыссыздар саны өте көп. Шет елге де еріккенінен емес, баларды оқыту, киіну, асырау, күн көру үшін барды», - дейді шолушы.

NBCA-мен болған әңгімеде медицина қызметкерлері 2007 жылы

билікке тіс дәрігері, медицина ғылымдарының докторы Гурбангулы Бердымухаммедов келіп, денсаулық сақтау жүйесінде реформалар жүргізгеніне қарамастан, жағдайларының жақсармағанын айтып, мұң шақты.

Ірі көпсалалы ауруханалар салу үшін ел бюджетінен жүздеген миллиондаған американдық доллар бөлінсе де, дәрігерлердің жалақысы өсер емес, ал емделушілерге ұнай қоймайтын медициналық қызмет түрлерінің бағасы артуда.

Билік, өз кезегінде, медициналық қызмет түрлерінің сапасына байланысты алаңдаушылығын білдіріп отыр. Мемлекеттің ойынша, бұл сала тек денсаулық сақтау жүйесінің мамандарының кәсібилігінің төмендігінен ғана емес, олардың қосымша алыпсатарлықпен айналысқандығына байланысты да зардап шегуде.

«Көз алдыңызға елестетіңізші: шұғыл түрде операция жасау керек, ал дәрігер болса жоқ болып шықса», - деді өтіп жатқан кампанияға қолдауын білдірген ашхабадтық заңгер Искандер көңілі толмай.

Оның ойынша, медицина қызметкерлері не болғанда да, өздерінің берген кәсіби анттарын бұзбаулары қажет.



Ашхабаттағы Денсаулық сақтау министрлігі

Құқыққорғаушылар дәрігерлердің төлқұжатын жаппай тексеруден, тәртіпке бағынбаған қызметкерлерге қарсы шараны сылтау қылған түркімендіктердің конституциялық құқығының бұзылғандығын көріп отыр.

Халықаралық қауымдастықтың Түркіменстандағы жүріп-тұру еркіндігіне байланысты бостандықты еркінсітуге шақырған үндеулері мен осыған қатысты сындарына қарамастан, елде сыртқа шыға алмайтындардың «қара тізімі» бар, қатаң визалық тәртіп орнаған, ал мемлекет бойынша не оның сыртына саяхаттау арнайы қызметтермен бақыланады.

Билікке тек алыпсатар медицина қызметкерлері ғана емес, сирек болатын шет елдегі семинарларға іссапармен барып қайтқандар да қызықты болып отыр. Арнайы қызметтер осындай қосымша визалық бас ауруларын туғызбайтын сапарларды олар жеке мүдделері үшін қолданып қа-

луға тырысады деп санайды.

Мұндай пікірге елдің шығысындағы Лебап вelayатындағы азаматтық топтың жетекшісі де қосылып отыр, ол өткен қыста халықаралық «Шекарасыз дәрігерлер» ұйымының биліктің ұйым ұсынған жобаларына мән бермегені үшін Түркіменстанды тастап кетуінен кейін жүрген дәрігерлерді жаппай тергеуге баса назар аударды.

Ол кезде тәрбиелеу әңгімелеріне көптеген дәрігерлер шақырылып, оларға ақпаратты «көп бере бермеуге», «артық айтпауға» және «сұрастырып жүргендерден сақ болуға» (себебі ол «шпионаж» ретінде бағалануы мүмкін) кеңес берілген.

Белсендінің сөзіне қарағанда, үкіметке жергілікті дәрігерлердің шетелдік ұйым өкілдерімен қарым-қатынасқа баруы ұнамайды, себебі олар басқа мемлекетте де бір-бірімен кездесе алады.

Қазір жүріп жатқан төлқұжаттарды тексеру де «осы акцияның кезекті кезеңі болуы мүмкін екенін де жоққа шығаруға болмайды». ●

Амалған мақала National Endowment for Democracy қоры қаржыландыратын «Орталық Азияның жаңалықтар топтамасы» жобасының аясында дайындалды.

INSTITUTE FOR WAR & PEACE REPORTING



Institute for war & peace reporting
48 Gray's Inn Road
London, WC1X 8LT, UK
Tel: (44 20) 7831 1030
Fax: (44 20) 7831 1050
Web: www.iwpr.net
E-mail: info@iwpr.net



Қырғыз Республикасындағы IWPR Өкілдігі
Қырғыз Республикасы,
Бішкек қ., 720017
Тоголок Молдо к-сі, 18-2
Тел.: + 996 312 66 44 53, 61 38 70
Факс: + 996 312 61 38 70
E-mail: iwpr.kyrgyz@iwpr.net



Қазақстан Республикасындағы IWPR Өкілдігі
Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., 050000
Қазыбек би к-сі 50
2 қабат, 84 кеңсе
Тел.: +7 727 272 59 03, 272 64 21, 272 68 90
E-mail: iwpr.kazakhstan@iwpr.net



Тәжікстан Республикасындағы IWPR Өкілдігі
Тәжікстан Республикасы
Душанбе қ., 734003
Рудаки д-лы, «Точикматлубот» 137, 6 қабат
Тел.: + 992 372 24 70 26
Тел./Факс: + 992 372 24 70 51
E-mail: iwpr.tajikistan@iwpr.net

IWPR осы жарияланымның мазмұнына толықтай жауап береді, жарияланымның Еуро Одақ мемлекеттерінің көзқарасын білдіруі міндетті емес.